



МЕМЛЕКЕТ ПЕН БИЗНЕС АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЙДЫ

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесті. Аталмыш жиын мемлекет пен экономиканы дамытуға үлес қосып жүрген кәсіпкерлердің мақсат-ниеті бір екенін көрсетті. Президент айқындаған стратегиялық міндет – экономиканы нығайту арқылы Қазақстанның өңірдегі көшбасшылық рөлін сақтау және күшейту. Мемлекет басшысының пікірінше, бұл міндет ұлттық идеяның маңызды элементіне айналуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі заманның басты мәселелерін шешу жолында Қазақстан жаңа көзқарастар мен тәсілдер дәуіріне қадам басқанын, ал ескірген стереотиптер өткеннің еншісінде қалғанын атап өтті. Сондықтан еліміз түбегейлі өзгеріп, жаңа жағдайға бейімделуі керек.

Президент мемлекеттің болашағы, соның ішінде өскелең ұрпақтың келешегі осы мәселенің шешіміне тікелей байланысты деп санайды. Оның айтуынша, ірі инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік жобалар, цифрландыру мен жасанды интеллект, көлік және логистика салалары экономиканы дамытудың басым бағыттарына айналуға тиіс. Бұл ретте шағын және орта бизнесті

қолдау мәселесі ұдайы Үкімет назарында болады.

Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойылған міндеттерді шешу жолында мемлекет пен ірі кәсіпорын иелерінің арасындағы нәтижелі серіктестіктің маңызды екенін атап өтті.

– Ірі бизнес болмаса, Қазақстан экономикасының әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Бізге экономиканың дамуын жаңа деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым, индустрия, цифрландыру және басқа да салаларда серпінді әрі ауқымды жобалар қажет. Мұны іске асыруға ірі бизнесмендердің шамасы жетеді. Сіздерде оған қажетті қаржы да, мамандар да, ең бастысы, білім мен тәжірибе де бар. Бұл ретте



инвестиция салуға тартымды дәстүрлі салаларға мән беріп қана қоймай, табыс әкелетін жаңа бағыттарды қарастырған жөн. Қазіргі геосаяси жағдай мен әлемдік сауда конъюктурасын ескерсек, көлік-логистика саласының орасан зор әлеуеті елеусіз қалып жатыр. Теміржол, автомобиль және әуе арқылы жүк тасы-

малына сұраныс артып келеді. Іс жүзінде, аталған сектор басымдыққа ие бола бастады. Кейбір шолушылардың айтуынша, пайдасы да мол. Болашағы зор тағы бір сала – туризм. Шетелдіктер Қазақстанның тұмса табиғатына, халқымыздың салт-дәстүрі мен тарихи мұрасына ерекше қызығушылықпен қарайды. Бірақ

отандық туризмнің әлеуеті зор десек те, нақты іске келгенде бұл салада олқылықтар мен кемшіліктер көп. Сондықтан Үкімет туризмді дамытуға мейлінше көбірек инвестиция тарту үшін қосымша шараларды ұсынады, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

СТАДИОН «САУЫН СИЫР» ЕМЕС

Өрелі өзгерістердің азды-кемі, шағын-ұсағы жоқ әрбірі құнды. Олар жинақтала келе, ел басшылығының саяси ерік-жігерін, қалың елдің тілегін орындауға жұмылады. Осы орайда антимонополистер мен аудиторлар бұрын жасалған, былайғы жұрттан жасырулы жатқан заңбұзушылық белгілерін анықтады. Елдегі ең ірі стадион мен елордадағы алып мұз сарайлары «КВН»-ның экс-ойыншысы құрған компанияға заңсыз беріліпті. Оларды ұстап тұруға ел қазынасынан ұшан-теңіз мол қаржы жұмсалады. Мәселенің мәнісі мынада.

(Жалғасы 6-бетте)



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛАТЫН ЖЫЛ



Ұлттың тұтастығы мен бірлігін, елдің стратегиялық дамуын қамтамасыз ететін басты жүйе – ол идеология. Сол арқылы азаматтардың санасына ортақ құндылықтар сіңіріліп, қоғамдық ұстаным айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда биыл идеологиялық ерекше атаулы жыл болмақ.

→ 7

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ҚАЙРАТКЕР



Қазақтың тәуелсіздік тарихында өлшеулі ғұмырын өлшемсіз өнегеге ұластырған, мың санаттағылардан емес, шын саңлақтардан шыққан тау тұлғалар аз емес.

→ 13

«АНДАСАЙҒА» АРАША КЕРЕК



«Андасай» қорығы алматылық «Охотзоопром» мекемесінің қарауына өтіп, қақпасы тарс жабылды. Бүгінде Жамбыл жерінде тұрған қорыққа жергілікті қорықшылар аттап баса алмайды.

→ 15

АҚОРДА

8 АҚПАН 2025 | СЕНБИ



МЕМЛЕКЕТ пен БИЗНЕС АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЙДЫ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, еліміздегі іскерлік ахуалды жақсарту — ең басты мақсаттардың бірі.

— Квзимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді. Реттелетін сатып алуларға бизнес өкілдері өтім берген жағдайда, оған мемлекеттік кәсіпорындардың қатысуына заң жүзінде шектеу қойылды. Бизнесі негізсіз қыспаққа алудан және салалық органдардың заңсыз тексеруінен қорғау үшін жүйелі жұмыс қолға алынды. Қылмыстық кодекстің бес бабын ізгілендірілді. Екі бап бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту талаптары жоғарылады, экономикалық құқық-бұзушылықтың 29 түрі бойынша тұтқындауға тыйым салынды. 2022 жылдан бері кәсіпкерлік саласында тіркелген қылмыстық істердің саны екі есе қысқарды. Бұдан бөлек, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін өкімшілік жауапкершілік күшейтілді. Инвесторларды негізсіз тексерудің, оларға айыппұл салудың алдын алып, рұқсаттама беруге кедергі келтірмес үшін «прокурор сүзгісі» енгізілді. Бүгінде прокурорлар инвестор құқығын бұзатын 700-ден аса фактіге тосқауыл қойды. Мұның бәрі бизнестің құқығы мен заңды мүддесін қорғауға зор ықпал етті, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды.

— Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс. Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутат-

тардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс. Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары. Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы

Қазақстан үшін жеткіліксіз екенін айттым. Үкімет дамудың жаңа даңғылын іздеуі керек. Бұл ретте бизнес қоғамдастықтың рөлі үлкен. Халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік қарыз деңгейін «аса жоғары емес», яғни басқаруға икемді деп бағалап отыр. Қарызды басқару саясаты бекітілген қаржылық шектеулерді қатаң сақтау арқылы жүргізіледі. Кіріс деңгейін арттыру есебінен бюджет тапшылығын азайту көзделген. Бұл мемлекеттің борышын төмендетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ұзақ-

рысқа тап болдық» деп байбалам салатындай себеп көріп тұрған жоқпын. Қорды не үшін құрдық? Қор қаржысы мемлекеттік маңызы бар міндеттерден өзге мақсатқа жұмсалып жатса бір жөн. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, банктер бизнеске көмектесіп, экономиканы дамуына қаржы салуға тиіс. Дегенмен реттеушілік шаралардың қатаңдағанына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл — аса өзекті саяси мәселе. Сонымен қатар қаржылық сауатты арттыру, өсіресе өскелең ұрпақтың осы бағыттағы білімін жетілдіруі маңызды. Осы ретте банктер проблемалық займдарды қайта қаржыландыру жұмыстарын күшейтіп, борышкерлердің санын өсіруге жол бермегені жөн. Азаматтарға алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттерге айрықша мән беру қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет пен бизнес арасындағы қарым-қатынасты цифрландыру өзекті екеніне назар аударды. Президенттің айтуынша, бұл — бизнестің нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырудың ең тиімді жолы. Ал мемлекет үшін басы артық бюрократияны қысқартатын, жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, жалпы тиімділікті жақсартатын маңызды қадам.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, былтыр көктемде болған су тасқыны кезінде қаржылай қолдау көрсеткен барша кәсіпкерлерге, сондай-ақ «Қазақстан халқына» қорына жарна салған бизнес өкілдеріне алғыс айтты. Қор қаржысы денсаулық және білім беру салаларындағы өзекті әлеуметтік міндеттерді шешуге жұмсалып жатыр.

— Бүгін ашық әрі пайдалы әңгіме болды. Сөз соңында қайталап айтқым келеді: мемлекет еліміздің өндірісіне қаржы салатын, тұрақты жұмыс орындарын ашатын адал кәсіпкерлерді әрдайым қолдайды. Бәріңізді жақсы танымын. Соңғы үш жылда мемлекет пен бизнес

арасындағы ықпалдастық пен өзара түсіністік айтарлықтай нығайғанын көріп отырмыз. Мемлекетке пайданы тигізсем деген отаншылдық ұстанымдарыңызды жоғары бағалаймын. Біз реформалар жолына түстік. Елімізде жүргізіліп жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер біздің аймақта бұрынсонды болмаған. Халық қолдама, бұл реформалар іске аспас еді. Қазақстанның экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиямыз бизнес қоғамдастықтың қуаттағанын айрықша атап өткім келеді. Үкімет немесе құқық қорғау органдары арқылы мемлекет кәсіпкерлердің заңды қызметіне ешқандай кедергі келтірмеуге тиіс. Бұл — менің мызғымас ұстанымым, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жиын барысында Премьер-Министрдің орынбасары — Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин, «Resmi компаниялар тобы» ЖШС, RG Brands АҚ президенті Қайрат Мәжібаев, «Қазақмыс Холдинг» директорлар кеңесінің төрағасы Эдуард Огай, InDrive компаниясының бас атқарушы директоры Арсен Томский, AUDA-CIA Express ЖШС бас директоры Бақытбек Қадыров, «Қазақстан Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы Үміт Шаяхметова, VI-Group холдингі директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахымбаев, Kazhal Operating компаниясының тең иегері, Paruz КР Жұмыс берушілер ұлттық конфедерациясы төралқасының төрағасы Жұмабек Жанықұлов, «Евразия инвест» ЖШС директоры Иван Георгиади, «Қарағанды фармацевтикалық кешені» ЖШС бас директоры Сергей Барон, «Атамекен» ҰКП төралқасының төрағасы Райымбек Баталов сөз сөйледі.

Сонымен қатар Freedom Holding Corp басқарма төрағасы Тимур Турлов, ЦАРКА президенті Олжас Сәтиев, «ЭлтексАлатау» ЖШС директоры Нұрлан Жәнібеков, Ақ Niet Group ЖШС Бакылаушылар кеңесінің мүшесі Нұржан Ниязалиев, Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының төрағасы Айбек Барысов пікір білдірді.

М.ЖАСЫН



керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни, бір жағынан бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы еліміздің қаржылық тұрақтылығын жетекші рейтинг агенттіктерінің болжамдары растап отырғанына назар аударды.

— Кейбір «сарапшылар» айтып жүргендей, ел экономикасының жағдайы соншалықты мүшкіл деген пікірмен келіспеймін. Салымыз суға кететіндей күйде емеспіз. Бірақ босануға да болмайды. Иә, экономикада 4,8 пайыздық өсім бар. Үкімет отырысында мұның

мерзімді экономикалық өсімді қамтамасыз етеді, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, тек бюджет қаржысымен экономиканы жаңғырту мүмкін емес. Аталған үдеріске банктердің бәрі атсалысқаны маңызды.

— Үкімет кредит мөлшерлемесін субсидиялау арқылы банк қаржысын тарту туралы бастама көтерді. Қаржы секторы осы міндетті орындауға белсенді қатысуға тиіс. Үкімет Кепілдік қорын құру мәселесін пысықтап жатыр. Бұдан бөлек, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан «ұзақ мерзімге берілетін» қаржы тартылады. Бұл — жеткіліксіз. Нақты секторды кредиттеу көлемін арттыру үшін басқа да ұсыныстар қажет. Мен Үкімет отырысында Ұлттық қор ел экономикасының бір бөлшегі екенін айттым. Кейбір шолушылар, қоғам қайраткерлері Үкіметтің Ұлттық қордан жиі әрі көп қаржы алатынын айтады. Бұл — қалыптасқан ахуалға байланысты қабылданған шешім. Осыған бола «дағда-



СЕНАТОРЛАР БЮДЖЕТ КОДЕКСІНЕ ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗДІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Бюджет кодексін және оған ілеспе заңды қарады. Сондай-ақ өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында депутаттар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу және «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы» заңды екі оқылымда қарады. Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленген Бюджет кодексі халықаралық стандарттар мен қазіргі заманғы сын-қатерлерге сәйкес келетін ашық, тиімді және икемді бюджеттеу жүйесін қалыптастыруды көздейді.

Жаңа Бюджет кодексі бюджеттік процесті түбегейлі жеңілдетуге, «бюджетті басқарудан» «нәтижелерді басқаруға» ауысу арқылы бюджет саясатының үлгісін реформалауға, блоктық бюджет элементтерін енгізуге, бюджеттік саясаттың шекті параметрлерін айқындауға және фискалды орталықсыздандыруды күшейтуге бағытталған.

Талқылау кезінде сенаторлар заңдарды концептуалды түрде қолдап, оларға бір-қатар ұсыныс енгізді.

Нақты айтқанда, палата депутаттары енгізген түзетудің бірқатары өңірлерді дамытуға және қаржылық дербестікті қамтамасыз етуге арналған. Осылайша, ауылдық жерлерде жайылымдардың тозып, шөлейттенуіне байланысты олардың тапшылығын артып келе жатқанын ескере отырып, сенаторлар жайылымдық инфрақұрылым нысандарын дамыту мен реконструкциялауға қаражатты аудандық және ауылдық бюджеттердің шығыстарына жатқызуды ұсынды. Өйткені бұл функциялар «Жайылымдар туралы» салалық заңда көзделген.

Сенаторлар енгізген тағы бір жаңашылдық қаржыландыру мәселелерінде аналитикалық тәсілді күшейтуге қатысты болды. Бұл мониторингтеуді, шығыстар-

дың тиімділігін бағалауды және мемлекеттік аудиттің қатысуын білдіреді. Қолданылатын салық жеңілдіктерінің тиімділігін объективті бағалау үшін сенаторлар талдамалық есепті қалыптастыру кезінде Қаржы министрлігіне салық төлеушілер қолданған салық жеңілдіктерінің көлемі туралы мәліметтер беруді ұсынды.

Сонымен қатар тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша аумақтылығына қарай белгілі бір шектеулер белгіленбейтін болды. Мәселен, жылу электр орталықтарынан қалаға дейін жылу магистралін салу кезінде. Осыған байланысты «шегінде орналасқан» деген сөздерді алып тастау қарастырылған.

Су тасқынының салдарымен күресу және жойқын су тасқыны жағдайында міндеттерді жедел шешу мақсатымен республикалық бюджет шығыстарында су қоймаларын, каналдар мен гидротехникалық нысандарды дамытуға мемлекеттік кепілдікпен тартылған қарыздар бойынша шығыстарды субсидиялауды көздеу ұсынылады. Осыған орай сенаторлар Су кодексі шеңберінде уәкілетті органның құзыретін аталған бағыттар бойынша жобаларды іске асыру үшін субсидиялау және бюджеттен субсидиялар төлеу қағидаларын әзірлеу әрі бекіту құқығымен толықтыруды ұсынды.

Талқылау нәтижесінде сенаторлар осы және басқа да түзетулер енгізіп, екі заңды да Парламент Мәжілісіне қайтарды. Қаралған заңдарға қатысты пікір білдірген Сенат Төрағасы мемлекеттік қаржыны басқару жүйесіндегі үрдістер, сондай-ақ фискалды саясат саласындағы проблемалар елдің бюджеттік үлгісін қайта қарау қажет екеніне дәлел болғанын атап өтті.

Сондай-ақ палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.

МӘЖІЛІС БІРҚАТАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттарға Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы заң жобасын талқылау ұсынылады.

2024 жылғы 14 ақпанда Нью-Йоркте жасалған Меморандум Қазақстанның ұлттық контингентін БҰҰ-ның Голан шырдарындағы бітімгерлік миссиясына жіберуге байланысты әкімшілік, логистикалық және қаржылық шарттарды белгілейді. Келісім Меморандумды толықтырып, БҰҰ тарапынан Қазақстан Үкіметіне бітімгерлік миссияға қатысатын қазақстандық контингентке қажетті персонал, негізгі жабдықтар мен өзін-өзі

қамтамасыз ету құралдарын ұсынғаны үшін төлем жасау тәртібін анықтайды.

Сондай-ақ Мәжілістің жалпы отырысында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы қаралатын болады.

Құжатта ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен нысандары, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтан түскен кірістерді іздеу және қайтару, сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған адамдарды ұстау және ұстап беру, сондай-ақ өзге де іс-шаралар айқындалады.

Сонымен қатар Мәжіліс бәсекелестік мәселелері жөніндегі жаңа заң жобасын жұмысқа қабылдайтын болады.

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Мемлекет басшысы отандық бизнес өкілдерімен кездесіп, көпті толғандырған мәселелерді талқыға салды. Әсіресе, Үкіметке қосымша құн салығы мәселесін тағы да пысықтауды тапсырды.

Бұл – өзекті мәселе. «Былай тартса, арба сынатын, былай тартса, өгіз өледі» дегендей ахуал қалыптасты.

Мемлекет басшысы аса маңызды мәселеге өте байыппен қарап, өз пікірін білдірді.

– Кез келген реформаны жан-жақты сараптап, байыппен жүргізген жөн. Экономика салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі нұсқаларды әзірлеу керек. Қосымша құн салығына қатысты бұған дейін көзқарасымды білдірмеген едім. Өйткені қызметтік дәрежеме сәйкес, менің әрбір сөзім, пікірім қатаң тапсырма сияқты қабылданады. Соған қарамастан бұл мәселе бойынша ойымды жеткізгім келеді. Қалай десек те, қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс, – деді.

Жауапкершілік пен шешім қабылдау тарапында Президент Үкіметке бірқатар еркіндік пен мүмкіндік беріп отыр.

– Үкімет түпкілікті шешімді білікті сарапшылардың, қайталап айтамын, білікті сарапшылар мен кәсіпкерлердің, әлбетте депутаттардың пікіріне құлақ аса отырып, нақты есептеулер негізінде қабылдағаны дұрыс, – дей келіп:

– Бір анығы, Үкіметтің қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары.

Сіздер нақты цифрды айттыңыздар. Оны қоғам қызу талқылады. Тіпті, кей жағдайда артық сөздер де айтылды. Дегенмен бұл қоғам талқысына алдын ала салынған ұсыныс болатын. Тағы қайталап айтамын, Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысы бизнес, қоғам, кәсіпкерлер, сарапшылардың, яғни барлық тараптың пікірі ескеріле отырып жалғасуы керек. Биыл нақты шешім қабылдануға тиіс. Мен бұған дейін де айттым: Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Бүгін айтылған ой-пікірлер де ескеріледі. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни, бір жағынан, бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет, – деді Президент.

Сайып келгенде Мемлекет басшысы ақылға қонымды шешім қабылдауды Үкімет алдына қойды. Ендігі әрекет қалай болады? Оны уақыт көрсетеді.

Нұрғөре ЖҮСП,

Парламент Сенатының депутаты

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Елімізде соңғы уақыттары қызу талқыланып жатқан мәселенің бірі – қосымша құн салығы. Күні кеше Мемлекет басшысының өзі отандық бизнес өкілдерімен кездесуде Үкіметке бұл мәселені тағы да бір мәрте пысықтап алуды тапсырды. Олардың қазіргі ұсынып отырған мөлшерлемесі тым жоғары екенін айтқан Президент Қосымша құн салығының мөлшерлемесі сараланып белгіленуге тиіс екеніне назар аударды. «Үкімет бұл мәселені депутаттармен және сарапшылармен егжей-тегжейлі талқылауы керек. Мемлекетке барынша оңтайлы шешім қажет. Яғни, бір жағынан, бизнес жүргізуге кедергі келтірмей, қолайлы жағдай жасайтын, ал екінші жағынан, салыққа қатысты тәртіпті күшейтіп, бюджет кірісін арттыратын тиімді жолды табуымыз қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы ретте «Мәжіліс мінбері» бұл тақырыпты ұдайы назарда ұстап отыр. Өткен сәрсенбі күні өткен Жалпы отырыста Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиев Премьер-Министрдің атына осы мәселені көтеріп депутаттық сауал жолдаған болатын.

«Салық кодексі бойынша жұмыс тобының жетекшісі ретінде, маған осы саланың сарапшыларынан, білікті экономистерден, ірі бизнес қауымдастықтардан және саяси партиялардан нақты әрі жүйелі ұсыныстар көптеп түсуде. Бүгінде Үкіметтің салық саясатына байланысты қосымша құн салығын көтеру ұсынысы қоғамда қызу талқыланып жатыр. Оған себеп – Үкіметтің бюджет тапшылығын толтырудың жолы ретінде ҚҚС-ты бірден 20 пайызға дейін көтеруді ұсынуында. «Аталған межені кім анықтады, жүйелі есеп-қисабын кім жүргізді? Оны ресми түрде Мәжіліске қарауға қашан бересіздер?» деген сұрақтар туындайды», – делінген депутаттық сауалда. Біз де «темірдің ыстық кезінде» соқпақ ниетпен аманаттық депутаттан сұхбат алған болатынбыз.

– Берік Тұрсынбекұлы, қазір ҚҚС-ты қолдаушылар да, қарсы пікір айтушылар да бар. Осы қос тараттың қай жағын көбірек қолдауға болады деп санайсыз? Өйткені инфляция қысқа мерзімді ғана шок береді, одан кейін жағдай қайта түзеледі деушілер бар. Ұсыныс жүзеге асса, бюджетке қосымша 7 триллион түседі екен-мыс.



Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

ҚҰН САЛЫҒЫН ӨСІРМЕЙ-АҚ БЮДЖЕТТІ ТОЛТЫРУҒА БОЛАДЫ

– Әрине, өткен аптада Үкімет Қосымша құн салығы мөлшерін 20 пайызға дейін көтергісі келетіні туралы жоспарын жариялағаннан кейін бұл мәселе бойынша қоғамда әртүрлі пікір тарауда. Осы жерде айта кететіні – ол ұсыныстар Парламент Мәжілісіне әлі келіп түскен жоқ. Депутаттар ол ұсыныстармен таныс емес. Бірақ біз де Мәжілістегі бірнеше партиялар фракциясының депутаттары өз пікір-імізді депутаттық сауал жариялау арқылы білдірдік.

Үкіметтің бұл ұсынысы бөлшек саудамен айналысатын үй жанындағы дүкендер, кафе, шаштараз сияқты В2С форматында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге әсер етпейді. Олар бұрынғыша жылдық жиынтық табысы 2,2 миллиард теңгеге дейінгі шекте бөлшек сауда режимінде жұмыс істей беретін болады. Яғни, 4 пайыздық салық төлей береді.

Бірақ біздің ойымызша, ҚҚС мөлшерін бір мезетте күрт өсіру асығыс болады. Бұл салықтың жалақыға қатысы болмаса да жалпы әлеуметтік маңызы бар болғандықтан, халықтың төлем қабілеттілігіне кері әсерін тигізетіні анық. Өйткені тауар мен қызмет құнының артуы қарапайым халықтың қалтасына тиетіні сөзсіз. Осы ретте қосымша немесе қосылған құн салығы дегеніміз не, оны қалай есептейді, соған тоқталып кетсек. Бұл – әлемнің көптеген елдерінде кездесетін салықтың түрі. Яғни, тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сатылуынан алынатын салық. Қазақстанда 2004 жылдан бастап салық

төлеушілер ҚҚС-ты 12% мөлшерінде төлеп келеді. Оған дейін ол салық одан жоғары 20 пайызға жеткен кездері де болған.

Ал бюджетке 7 триллион түседі дегенге келетін болсақ, тағы да қайталаймын, бізге әлі ешқандай ұсыныстар, соның ішінде Үкіметтің есептері келіп түскен жоқ. Бірақ солай болсын дедік. Әрине, бюджетімізді толықтырудың басты құралы салықтан түсетін түсімдер ғой. Дегенмен біз сол салықты, атап айтқанда, Қосымша құн салығын күрт өсірмей де бюджетті толықтырудың жолдары бар деп санаймыз. Экономика секторлары бойынша ҚҚС-тың сараланған (дифференциацияланған) мөлшерлемесін қолдануды қарастыру керек. Мысалы, әлеуметтік маңызы бар салаларға төменірек болса, жоғары табысты салаларға жоғары мөлшерлеме қолдануды қарастыруды ұсынамыз.

– Салық кодексінің бас-аяғы айқындалды ма? Онда фискалды риторика қаншалықты сақталып қалуы мүмкін? Ынталандыру (мотивационный) риторикасына қатысты қандай тұстар, ұсыныстар бар? Қысқаша айта кетсеңіз.

– Қазіргі кезде, өткен жылдың қыркүйек айынан бері Парламент Мәжілісінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет әзірлеген жаңа Салық кодексінің жобасы қаралуда. Оған сәйкес, жаңа жеңілдіктер мен ынталандыруға қатысты нормалар көзделген. Атап айтсақ, салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер санын кем дегенде 20%-ға қысқарту бойынша

нормалар. Соның ішінде, айтарлықтай фискалды қайтарымы жоқ төлемдер алынып тасталады, кейбіреулері біріктіріледі.

Бізге тек 12 салық бар. Олар халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Шаруа және фермер қожалықтарынан алынатын бірыңғай жер салығы ғана табыс салығымен мәндес. Сондықтан бірыңғай жер салығын (БЖС) жеке табыс салығына ауыстыру ұсынылған. Шаруалар мен фермерлер үшін жеңілдікті режимнің өзі сақталады.

Сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін және жекелеген қызмет түрлерімен айналысқаны үшін, лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемдер алып тасталады.

Жерүсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін,

мәліметтер бойынша экономикамыздың үштен бірін құрайтын көлеңкелі экономиканы жою үшін іс-шаралар қабылдау да қажет. Өз істерін жүргізіп отырған немесе жаңадан кәсіп ашам деген кәсіпкерлерге ол үшін ыңғайлы жағдай жасау керек. Бұл – бір.

Екіншіден, қаралып отырған Салық кодексінің жобасында арнаулы салық режимдері оңтайландырылу көзделген. Яғни, салық жеңілдіктерінің көлемін кем дегенде 20%-ға қысқарту. Кодекс жобасы бойынша 1,3 трлн теңгеден астам сомаға 110 салық жеңілдіктерін алып тастау ұсынылады. Одан бөлек, 400 млрд теңгеден астам сомаға 29 салық жеңілдіктері бойынша қолданылу мерзімін шектеу де қарастырылған. Біздің ойымызша, Салық кодексінің жобасы осы тұстарды қайтадан қараған жөн. Әлі де салық жеңілдіктерін қысқартатын резерв бар деп есептейміз.

Үшіншіден, ҚҚС бойынша есепке қою шегін қазіргі 78 миллионнан 15 миллионға дейін төмендету де негізсіз деп санаймыз. Біз мұндай әрекет кәсіпкерлікті дамыту, қолдау көрсетудің орнына, керісінше теріс ықпал етеді деп ойлаймыз. Өйткені, соның салдарынан бизнестің көлеңкеге кетіп қалуы немесе жабылып қалуы мүмкін. Ол дегеніміз әлеуметтік қатерлерге, яғни жұмыс орындарының жабылып қалуына әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан оны да қайтадан жан-жақты талқылау қажет.

Төртіншіден, салық әкімшілендіру мәселесі бойынша жұмыстарды жандандыру қажет. Осы жерде бюджетті толықтыру бойынша тетіктер бар. Мысал ретінде темекі өнімдерінің акцизі бойынша айтайын. 2022 жылы өндірушілер мен импорттаушылар 1,3 миллиард қорап темекі акцизбен таңбаланса, 2024 жылы 1 миллиард қорапқа жуық темекі таңбаланған. Яғни, екі жыл ішінде саны 300 миллионға азайған.

Сонда елімізде темекі шегетіндер сонша азайып кетті ме? Занды импорт неге азайып кеткен? Оған жауап – темекі контрабандасының көбейгенінде. Заңсыз темекі өнімдері базарлар мен дүкендерде ашық түрде 350-400 теңгеден сатылады. Бұл мысал, тек темекі өнімдеріне ғана қатысты. Ал темекіден басқа бізде басқа да тауарлар, аяқкиім, дәрі-дәрмек сияқты заттар да импортталады ғой. Олардың қаншамасы заңсыз елімізге кіріп жатқаны белгісіз. Басқаларын қоспағанда темекінің өзінен 100 миллиардқа жуық түсім бюджеттен тыс кетіп отыр. Сондықтан да салықты әкімшілендіруге баса назар аудару қажет.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

РЕФОРМАЛАР МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ

6 ақпан күні Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтында «Қ.Тоқаевтың 3 жылдық саяси реформаларының нәтижелері» атты тақырыпта «КИСИ GPS: Gylym. Pikir. Sayasat.» Ұлттық сараптама алаңының отырысы өтті.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИ

Шара барысында талқылауға қатысушылар – мемлекеттік органдар мен Парламент өкілдері, жетекші талдау орталықтарының басшылары, тәуелсіз сарапшылар мен қоғам қайраткерлері Қазақстанда соңғы үш жылда жүзеге асырылған саяси реформалардың негізгі аспектілерін, олардың мемлекеттік басқаруды, құқықтық жүйені және азаматтық қоғамды дамытуға ықпалын талқылады.

Талқылаудағы алғымінде Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры Еркін Тұқымов Қазақстанда соңғы үш жылда елімізде ғана емес, бүкіл посткеңестік елдерде бұрын-соңды болмаған демократиялық реформалар жүзеге асырылғанын ерекше атап өтті.

«Мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткендей, саяси жаңғыртусыз елдің тұрақты ілгерілеуі мүмкін емес. Жаһандық тұрақсыздық жағдайында жан-жақты саяси реформалардың жүзеге асуы – әлемдік қауымдастыққа Қазақстанды аяғына нық тұрған мемлекет және біздің ауызбірлікті біртұтас ұлт екенімізді білдіретін сигнал. Президент Тоқаев Қазақстанның даму, ілгерілеу және реформалар жолын тандап жатқанын көрсетті. Бұл оның тарихи миссиясы, ел басшысы ретіндегі жауапкершілігі. Реформалардың түпкі мақсаты – әрбір қазақстандықтың әл-ауқатын арттыру, еліміздің егемендігін нығайту, демократиялық институттарды нығайту және жаңа саяси дәстүрлерді қалыптастыру», – деді Е.Тұқымов.

Сараптамалық алаңның отырысына сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының төрағасы Эльвира Әзімова, Парламент Мәжілісінің депутаттары Айдос Сарым, Ермұрат Бапи және Никита Шаталов, Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева, Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Анастасия Щегорцова, Қолданбалы этносаиясы зерттеулер Талғат Қалиев, Astana Open Dialogue аналитикалық платформасының негізін қалаушылардың бірі, Парламент Мәжілісі жанындағы Қоғамдық палата мүшесі Александр Данилов, саясаттанушы және медиа менеджер Сырым Итқұлов, сондай-ақ саясаттанушы Әділ Сейфуллин де қатысып, пікір білдірді. Талқылау барысында сарапшылар саяси

реформалар Қазақстанның тұрақты дамуы мен мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ қоғамды топтастыруға және азаматтардың елдің саяси өміріне белсенді қатысуына берік негіз қалағанын ерекше атап өтті.

Конституциялық Сот төрағасы Эльвира Әзімова Әділетті Қазақстан тұжырымдамасы аясында заңның үстемдігі мәдениеті жанартылып, адам құқықтарын қорғау және құқық қорғау институттарын нығайту саласында кешенді шаралар жүзеге асырылып жатқанын – олардың ішінде қалпына келтірілген Конституциялық Сот орталық орын алатынын атап өтті.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Конституцияның сақталуын қамтамасыз ету бойынша маңызды миссияны жүзеге асырады. Ол азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын тежеу мен тепе-теңдік жүйесінің негізгі элементіне айналды. Сот заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін тексеріп, конституциялық дауларды шешеді, бұл – мемлекетіміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің кепілі. Конституциялық Сотты құру оның өз функцияларын тиімді орындауына мүмкіндік беретін тәуелсіздік пен әділдік қағидаттарын сақтай отырып жүзеге асырылады. Конституциялық сот қызметі етуі жылдарында заңның үстемдігін бекітіп, азаматтардың мемлекеттік институттары сенімін нығайтуға көмектесетін маңызды нәтижелермен көрінді», – деді Эльвира Әзімова.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым Үкімет бірқатар жағдайларға, атап айтқанда Қаңтар оқиғасына байланысты саяси реформалар жүргізуге мәжбүр болды деген аңызды жоққа шығарды.

Қоғамдық-саяси реформалардың қажеттілігі мен сұранысы туралы айта келе, ол 2015-2019 жылдары Қазақстанның экономикалық дамуының шегіне жеткенін атап өтті.

«Ол кезге дейін өсуді қамтамасыз ететін әлеуетіміз болмады. Халық саны 5 миллионға өсті, бірақ бізде осы 5 миллион азаматты бойына сіңіріп, әлеуметтік жеңілдіктер жасай алатын экономика болмады. Қалай болғанда да, біз әлеуметтік-саяси реформаларға келер едік. Сол кездің өзінде-ақ «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» кейбір институттары іске қосылды, олардың міндеттеріне Үкіметті, оның ор-



гандарын болатын өзгерістерге дайындау, түзету кірді», – деді Айдос Сарым.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева өз сөзінде заң үстемдігі қағидатын нығайту және әйелдер мен балаларды заңнамалық қорғау сияқты реформаның маңызды бағытына тоқталса, Мәжіліс депутаты Никита Шаталов Президенттің саяси реформалары ұлттық мәдениет пен ұлттық институттармен байланысты екеніне назар аударды.

«Институт дегеніміз не? Бұл үнемі қайталанатын ережелер мен қағидалар. Президенттің саяси реформаларының саяси міндеттерінің бірі – осы ережелер мен қағидаларды біріктіріп, оларды жүйелі ету. Мысалы, егер бұл сайлау болса, олар тұрақты өтіп келеді. Өңірлерге ыссапарлар барысында сайланған әкімдерге деген сенімнің артып келе жатқанын өз тәжірибемнен көріп жүрмін. Өйткені халық әкімге сенеді, ал әкім тұрғындар үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұл билік пен халық арасындағы байланысты нығайтады. Мұның бәрі жоғары экономикалық өсудің негізгі құралдарының бірі ретінде қоғамға базалық сенімді қалыптастыру үшін қажет. Өртүрлі деңгейде сенім жоғары болған жерде транзакциялық шығындар болмайды, меншік құқығының кепілдігі және құқықтық жүйелердің тұрақтылығы болады. Қазіргі таңда біз соған қарай жылжып келеміз», – деді мәжілісмен.

Қолданбалы этносаиясы зерттеулер институтының директоры Талғат Қалиев: «Реформалар қашан да жайлылық аумағынан шығуды білдіреді», – деп мәлімдеді. Сонымен қатар реформа бұл нысанның өзгеруі екенін, ал жаңартылған институттардың мазмұны мен толықтырылуы азаматтық сектор мен мемлекеттік органдардың бірлескен жұмысына байланысты болатынына тоқталды.

«Қазақстан жойқын дауыл жағдайында реформаларды жүзеге асырды: бір жағынан Қаңтар болды, екінші жағынан геосаяси

жағдайдың шиеленісуі болды. Мұның бәрі реформаларды тоқтатып, неғұрлым қолайлы саяси және экономикалық сәтті күтуге себеп болуы мүмкін еді. Реформалардың жүзеге асыру перспективаларынан гөрі тәуекелдері көп болды. Оларды осындай жағдайда өткізу батыл шешім болды. Соңғы үш жылда бұл реформалардың нәтижелерін, олардың күрделілігі мен ауқымдылығын көрдік. Бұған дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде сарапшылар талқылап, сол кезде іске аспайтын болып көрінген көптеген бастамалар қазір шындыққа айналды», – деді саясаттанушы.

Сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Анастасия Щегорцова өз сөзінде халықтың қолдауы реформалардың табысты болуының маңызды шарты екенін ерекше атап өтсе, Astana Open Dialogue аналитикалық платформасының тен құрылтайшысы, Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның мүшесі Александр Данилов Қаңтар оқиғасынан кейін «қысым күшейеді» деп болжаған сарапшылардың болжамы жүзеге аспай қалғанын атап өтті. Ал саясаттанушы, медиа-менеджер Сырым Итқұлов «саяси реформалардың нәтижесінің бірі – ақпараттық мәдениетті арттыру» деген пікірде. Келесі бір спикер Әділ Сейфуллин саяси реформалар жүргізудегі мақсат реформаның өзі емес, оның басты нәтижесі – заң мен тәртіп басты құндылық болатын әділетті мемлекет пен қоғам құру екенін атап өтті.

Расында да, реформалар басталған 3 жылда жан-жақты жұмыстар атқарылып жатқанын көз көріп отыр. Қозғалыстар мен өзгерістер болып жатқаны сөзсіз. Оның алғашқы жемістері де бар. Әлі де болса жеміс берер бастамалар аз емес. Десе де, үлкен ауқымдағы мақсат-міндеттер салған жерден нәтиже береді деп күтуге өсте болмайды. Бұл туралы журналистерге Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ директорының орынба-

сары Алуа Жолдыбалына айтып берді.

«Реформалардың жүріп жатқанына 3 жыл болды, дегенмен де ол бірден нәтиже бермейді. Біз мұны дұрыс түсінуіміз керек. Өйткені кез келген реформа үшін бірінші оған заңнамалық негіз салынады. Яки, заң қабыданады, көптеген заңнамалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Одан кейін де оның барысында кемшіліктер болса, оларға түзетулер жасалады. Бір сөзбен айтқанда, реформа дегеніміз – үздіксіз жүріп жататын процесс. Егер халықаралық тәжірибені алып қарайтын болса, реформа жақсы нәтиже беруі үшін кемі 10-15 жылдай уақыт қажет. Осы ретте мен соңғы 3 жылдағы бастаманың бірі – ауыл әкімдерін сайлау процесін айтқым келеді. 2021 жылдан басталған бұл бастама барысында 6 800-ге жуық ауыл әкімі сайланды. Биыл шілде айына дейін барлық ауыл әкімдері жаңармақ. Енді осы реформа барысында оның артықшылықтары мен кемшіліктері сараланатын болады. Сол сияқты аудан әкімдерімен де биыл эксперименталды түрде басталатын сайлау кезінде де жергілікті өзін өзі басқару мәселесі жетілдірілетін болады. Басқа реформалық бастамаларға да қатысты осыны айтуға болады», – дейді Алуа Жолдыбалына.

Оның айтуынша, Қазақстан саяси зерттеулер институты ел дамуындағы осындай тың идеяларға платформалық алаң болып отыр. Мәселен, бүгінде жүзеге аскалы жатқан «Әкімдер мектебі» бастамасы ҚСЗИ-дың қабырғасында өткен осындай сарапшылар басқосуында көтерілген екен. Онда әкімшілік аумақтың басшылығына келген тұлғалар оқудан өтетін болады. Айталық, бұрын мемлекеттік қызметте істемеген адам лауазымды орынға келген кезде мұндағы жүйені, заңнамалық ерекшеліктерді, мемлекеттік сатып алу ережелерін, бюджетті жоспарлау практиканы білмеуі мүмкін. Сол үшін де олар «Әкімдер мектебінен» өтіп, білім алатын болады.

МЕЖЕ

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛАТЫН ЖЫЛ



Ұлттың тұтастығы мен бірлігін, елдің стратегиялық дамуын қамтамасыз ететін басты жүйе ол – идеология. Сол арқылы азаматтардың санасына ортақ құндылықтар сіңіріліп, қоғамдық ұстаным айқындалады. Осы тұрғыдан алғанда биыл идеологиялық ерекше атаулы жыл болмақ. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында сөз болды. Жиында ведомство басшысы Аида Балаева 2025 жылғы жұмыстың бағыт-бағдарына, мақсат-міндеттеріне тоқталды.

Биыл бірқатар атаулы мерейтой мен мәдени іс-шара өткізіледі. Олардың қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Конституцияның 30 жылдығы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі бар. Сонымен қатар Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы, Шокан Уәлихановтың 190 жылдығы, Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы және басқа да көрнекті тұлғалардың мерейтойлары аталып өтпек.

Аталған мерейтойлық әрі маңызды іс-шаралармен қатар, белгілі тұлғалардың мерейтойларын да жоғары деңгейде өткізу

міндеті тұр. «Бұл іс-шараларға қатысты кешенді жоспар бекітілді. Дегенмен атқарылар жұмыстар формальды түрде өтпеуі керек. Әр іс-шараның мәні мен мазмұны, тағылымы терең болуға тиіс», – деді Мәдениет және ақпарат министрі. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында ауқымды іс-шаралар жоспарлануда. Сондай-ақ «Батырларға тағзым» онлайн-платформасы іске қосылады. Порталға 1 млн-ға жуық қазақстандық жауынгердің есімі бойынша мәліметтер, сондай-ақ жеке құжаттары мен фотосуреттері енгізілді.

Аида Балаева саланы цифрландыру мәселесіне де жіті назар

аудару қажетін айтты. Цифрландыру – мәдениет пен ақпарат саласындағы тың мүмкіндіктер алаңы. Министрлік мәдени мұраларды сақтау және қолжетімді ету үшін цифрландыруды басты міндеттердің бірі ретінде қарастырды. «E-museum» веб-порталы іске қосылып, Қазақстан музейлерінің виртуалды желісі жасақталмақ. Бұл жоба тарихи-мәдени мұраларға 3D-модельдеу технологиясын қолдану арқылы онлайн-қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Кино саласына қатысты өзекті мәселелер де ұдайы назарда. Солардың бірі – «Қазақфильмді» дамыту. Президент қол қойған заңға сай, енді мемлекеттік қаржыландырудың кемінде 30%-ы «Қазақфильмге» бағытталады. «Бұл жерде ерекше атап өткім келетіні – мемлекеттен бөлінетін әр тиынның есебі, сұрауы бар. Сондықтан бұл қаражат сараптаудан өткен лайықты туындыларға ғана бөлінеді», – деді Аида Балаева. 2024 жылы алғаш рет ұлттық мүддемізге, идеологиямызға сай келетін басым тақырыптар бекітіліп, жаңа форматтағы конкурс өткізілді. Былтыр 16 ұлттық фильм прокатқа шықса, 2025 жылы 14 жана кинотуынды жарық көреді.

Сондай-ақ анимация саласына ерекше көңіл бөлініп отыр. 2025 жылы 10 анимациялық жоба жасалып, балаларға арналған қазқаша мультфильмдер өндірісі артады. Телеарналардағы сериалдардың да сапасы жақсарып келеді. 2024 жылы мемлекеттік тапсырыс аясында 41 сериал дайындалып, көрермен назарына ұсынылды. Ұлттық кино мен сериалдарды шетелге экспорттау мәселесіне де назар аударылып, ұлттық стриминг платформасын іске қосу жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, кинопрокатқа шыға-

тын отандық және шетелдік фильмдердің мазмұнына байланысты прокаттау кәулігін беру бойынша заңнаманы күшейту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ кино саласын бұдан әрі кезек-кезеңмен жетілдіру жұмыстары жалғасады.

Бүгінде жалпы мәдениет саласында 8 мыңға тарта мәдениет ұйымында 58 мыңнан астам адам қызмет етеді. Былтыр театрларда өткен 16 мыңға жуық іс-шараға 3 млн-ға жуық көрермен келсе, музейлерде ұйымдастырылған іс-шараға 2 млн-нан аса адам қатысқан. Бұл ретте министр мәдени ұйымдарда өтетін коммерциялық іс-шаралардың да мазмұнына мән беру керек екенін айтты.

«Өйткені киелі сахна – талғам мен тағылымның ордасы. Сол себепті де мәртебелі өнердің қадір-қасиетін түсірмей, бәріміз де жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Мәдениет ошақтары саяси лозунгтар мен ұрандардан ада болып, нағыз өнердің кең қанат жаюына жағдай жасауы керек», – деді Аида Балаева.

Сонымен қатар министр ел ішінде алауыздық туғызып, діни, этносаралық араздықты қоздыру фактілерін болдырмау үшін жауапкершілікті күшейту керек екенін де атап өтті. Қазір елімізде 18 конфессияны білдіретін 4 мыңға жуық тіркелген діни бірлестік бар. Сондықтан қоғамның рухани мәселелерін шешуде бұл салада да бірлесе жұмыс істеу орынды.

Сондай-ақ этномәдени бірлестіктерді гранттық қолдау этносаралық келісім мен бірлікті дамытуға ықпал етеді. Ведомство басшысы осы мәселенің құқықтық қамтамасыз етілуін пысықтау қажетін айтты.

Жалған ақпаратпен күресу және ақпараттық кеңістіктің

қауіпсіздігін арттыру үшін «Масс-медиа туралы» жаңа заң қабылданды. Былтыр онлайн-платформаларда заңнаманы бұзған 67 мыңнан астам факті анықталып, 18 мыңнан астам материал жойылды. Министрлік журналистердің біліктілігін арттыру, медиа сауаттылықты көтеру және фактчекинг бойынша тренингтер ұйымдастыруды қолға алды.

2025 жылы Орталық Азия медиафорумы өтеді, онда медиа саласының өзекті мәселелері талқыланабақ.

Тағы бір маңызды бағыт – креативті индустрияларды дамыту. Мемлекет басшысы таяуда креативті индустрияларды қолдау және дамыту мәселелері бойынша заңға қол қойды. Енді креативті индустрияларды дамыту қоры жұмысын бастайды. Әр өңірде креативті хабтар ашылууда. Бүгінде республика бойынша 12 креативті орталық жұмыс істейді, ал 2025 жылы тағы 8 орталық ашу жоспарланған.

Министрлік мәдениет саласындағы инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарын жалғастыруда. 2024 жылы ел өңірлерінде мәдениет нысандарына қатысты 255 жөндеу және 45 құрылыс жұмыстары аяқталды. Ұлттық музей, Мұхтар Әуезов атындағы драма театры, Наталья Сац атындағы театр және басқа да мәдениет нысандарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сөз соңында министр 2025 жылға арналған ауқымды жоспарларды іске асыруда барлық сала мамандарын, қоғамдық кеңестер мен журналистерді белсенді қатысуға шақырды. «Халықтың бірлігін нығайтып, еліміздің тұрақты дамыту – баршамызға ортақ мүдде. Ендеше ортақ мақсат жолында бірлесе қызмет ете берейік», – деді Аида Балаева.

ЖАСТАР САЯСАТЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Делегаттардың ашық дауыс беру нәтижесінде «Жастар Рухы» ЖК Алматы қалалық филиалының жаңа төрағасы болып Ділдәбек Дидарбек сайланды.

Алматы қаласында «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының кезектен тыс VIII есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Жиын барысында ұйымның өткен кезеңдегі қызметі қорытындыланып, алдағы басым бағыттар айқындалды. Конференция делегаттарының дауыс беруімен филиалдың жаңа төрағасы сайланды.

Конференцияда жастар саясаты, көшбасшылықты дамыту, еріктілік қозғалысын нығайту және жастардың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешу жолдары талқыланды. Қатысушылар жастардың өз бастамаларын іске асыруға қажетті қолдау мен мүмкіндіктер алуы, сондай-ақ қоғамдық өмірге белсенді араласуы туралы пікір алмасты.

Делегаттардың ашық дауыс

дағы бірқатар жоспар, міндеттермен бөлісті.

«Қазақстан жастары – ел дамуының негізгі қозғаушы күші. Бүгінде елімізде 6 миллионға жуық жас бар, оның ішінде ең көп шоғырланған өңір – 700 мыңға жуық жасы бар Алматы қаласы. Алматы – білім мен ғылымның, мәдениет пен кәсіпкерліктің ғана емес, жастардың бастамалары жүзеге асатын, үлкен армандар орындалатын қала. Сондай-ақ бұл қала креативті индустрияның қарқынды дамып келе жатқан орталығы. Алдымызда жана белестер мен үлкен міндеттер тұр. Жұмысшы мамандықтар жылы, креативті жастарға қолдау беру, осы және өзге де міндеттерді бірлесіп атқарамыз деп сенемін», – деп атап өтті Ақерке Искандерова.

«Мемлекет басшысы «Жастар Рухы» жастар қанатының VI съезінде ел жастардан тын бастамалар және озық идеялар күтеді, сондықтан әркім қоғам алдындағы жауапкершілігін



терең сезініп, туған елге құрмет жалынды сөзден емес, жасампаз істен көрінетінін ерекше атап өткен болатын. Расымен, Алматы – жастар қаласы. Мұнда 35 жоғары оқу орны мен 85 колледж бар. Олардың барлығымен жұмыс істеуде үлкен тәжірибе мен зор жауапкершілік қажет», – деді өз сөзінде «AMANAT» партиясы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуров.

Сонымен қатар жиында 2022 жылдан бастап жастар қанатының Алматы қалалық филиалына жетекші болған Әкежан Кеңесов атқарылған жұмыстар, оң нәтижелермен бөлісті.

Одан бөлек, шараға Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек, қалалық мәслихат депутаттары, жастар ұйымдарының жетекшілері, қоғамдық пікір көшбасшылары және белсенділер қатысты.

«Жастар Рухы» ЖК Алматы қалалық филиалы алдағы уақытта жастар бастамаларын қолдап, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасауға бағытталған жұмыстарын жалғастыратын болады.

Ә. САМАТҰЛЫ

ОЙТОҒЫС

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

Ел еңсесін тіктеп, азаттыққа қол жеткізгелі өткен тарихымыздың көлеңкелі тұстары, көмескі қалған беттері ақырындап ашылып келеді. Әдебиет майданында тарих сахнасындағы елеулі оқиғалар туралы біршама ақын-жазушы қалам тербеп жүр. Олардың арасында Кеңестік заман тұсында ашаршылық тақырыбына арнап роман жазған Смағұл Елубайдың шығармашылығын атап көрсетуге болады. Таяуда біз қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қарымды қаламы арқылы үлес қосып келе жатқан жазушының өзімен сұбелі сұхбат құрған едік. Смағұл Елубай бүгінгі қоғамның өзекті мәселелерін қаузап, төл тарихымызға қатысты тың деректерді бөлісті. Жазушының күрмеуі қиын мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстары да жоқ емес.

— Смағұл Абатұлы, сұхбаттарыңыздың бірінде өркениетті қоғам құру жолында аяққа тұсау салатын, елдің нағыз жауы — жемқорлық екенін айтып қалдыңыз. Жемқорлық тыйылмай, жұмыссыздық тыйылмайтын, осының нәтижесінде халық наразылығы туындайтынын еске салдыңыз. Аға, қазіргі биліктің алысып жатқан жемқорлық мәселесімен күресудің балама жолы бар ма?

— Бар. Оған келмес бұрын жемқорлықтың қаншалықты қауіпті екенін айталық. Жаңа Қазақстанның жауы — жемқорлық. Өйткені бюджетке қол сұғу — халық несібісіне қол сұғу. Отыз жыл солай болды. Ақыры жабайы жемқорлық Қаңтар қасіретіне алып келді. Қаңтар қалаға келген ауыл жастарының бейбіт шеруімен басталған еді. Қалаға келгенде оларды ешкім құшақ жая қарсы алған жоқ. Қала оларды қара жұмысқа салды. Мардымсыз айлығы шайлығына жетпей, не үй ала алмай, не үйлене алмай байғұс жастар тайқы маңдай тағдырдың төлкегіне ұшырады. Мұндай қалаға шоғырланғандар саны тым көп еді. Олардың мұңын, үнін тыңдаудың орнына сол тұстағы жемқор билік жанталасып өз қалтасын толтырып жатты. Бұл әділетсіздік ақыры Қаңтарға алып келді. Көшеге шыққан жастарды жаңа Қазақстанның ішкі және сыртқы жаулары опонай отқа итерді. «Сіздердің жауларыңыз анау!» деп Ақордаға қарай саусақтарын шошайтты. Сөйтіп, әділеттік іздеген аңғал жастарды жемқорлар отқа да, оққа да итерді. Обалына қалды. Айтпағымыз, осының бәріне кінәлі жабайы жемқорлық еді. Олар сауаты саяз жастардың қолымен от көседі. Қан төгілді. Тағы да айтамыз, Қаңтар дағдарысының авторы — жүгенсіз жемқорлық. Жүгенсіз жемқорлықтың жауы жаңа Қазақстан еді. Бұл күрес әлі жүріп жатыр. Оны жеңу мүмкін болмай жатыр. Өйткені олар өліспей берісер емес.

«Жемқорлықты жеңудің балама жолы бар ма?» дейсіз. Бар деймін. Жүрегіне иман ұйыған кешегі көшпелілер есіктеріне құлып салмайтын. Өйткені олар кісінің сабақты инесін алуға Құдайдан қорқатын. Кешегі 70 жылдық құдайсыз қоғам бізді сол иманнан айырды. Біз Құдайдан қорықпайтын

болдық. Халық несібісі — бюджетке қол салатын болдық. Өз қалтамыз толса болды, өзгелердің сорлағанын ойламайтын болдық. Қалтамыз толған арам ақша — халықтың адал еңбегі екенін ойламайтын болдық. Ойымызды ынсапсыздық, имансыздық жайлады. Иманды ұмытып кеттік. Халқымыздың жүрегіне мың жылдай ұя салып ұйыған Ясауи тәрбиесін тәрк еттік. Сол тәрбие, жүректердегі имани тәрбие бізді ұрлық-қарлықтан, жемқорлықтан сақтайтын ұлы күш еді. Содан айырылып қалдық. Жолда ат басындай алтын жатса да нәпсісіне жеңдірмейтін сол ұлы күштен айырылды. Қанша заңды қатайтсақ та жемқорлық сондықтан жеңдірпей келеді, біздіңше.

ЯСАУИЯ ТАРИҚАТЫ ҚАЗАҚТЫҢ РУХАНИ БОЛМЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРДЫ

— Ясауи тариқатының исламтануда прогрессивті рөл атқарғаны турасында пікірлерді жиі айтасыз. Осы ретте Ясауи аталатын сол ұлы тәрбиенің халық болмысын қалыптастырудағы рөлі қандай болды?

— Ясауи тариқаты қазақтың рухани болмысын қалыптастырды. Егер қазақтың өзге халықтан бір өзгешелігі бар болса, оны осы Ясауидан іздеу қажет. Қараныз.




Бұл ауыр да болса ащы шындық. Кеңестік қызыл цензураның заманында қаны тамып тұрған қазақ тарихын шынайы жазу мүмкін болмады. Отаршыл саясатқа бас шұлғымай ұлттың шынайы тарихын жазу мүмкін болмады. Қазақ әдебиеті үшін бұл қасірет болды.



Кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарында қызыл өкімет Қазақстанға Қиыр Шығыстан көрістерді, Волга бойынан немістерді, Кавказдан шешен-ингуштарды әкеліп легімен төкті. Өздері ашаршылықтан ашқұрсақ отырса да халқымыз сол босқындарды құшақ жая қарсы алды. Бір жапырақ нанын солармен бөлісті. Үйінен ысырылып орын берді. Тонғандарын жылытты. Жылағандарын жұбатты. Әлгі халықтар қазақтан көрген осы жақсылықтарын әлі күнге жыр етіп келеді. Ендеше

осынау ағыл-тегіл адамшылық қазақ болмысына қайдан келді? Бойымызға мың жылдай ұялаған иманнан келді. Сол сопылық ілімді Ұлы Далаға таң шуағындай таратқан Ясауи тәрбиесінен келді. Сондықтан да, Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп!» айта білді. Гуманизм майданында жақсылық жасаудан жарыс бола қалса, сопылықтан өткен жүйрікті табу қиын болар еді. Кешегі қазақтарға тән ағыл-тегіл адамшылық, гуманизм сыры осында деп білемін.

— Аға, бүгінгі қазақ қоғамының мәдени кеңістігінде есіміңіз кинодраматург рөліндегі шығармашылық туындыларыңызбен де көпке мәлім. Мектеп бағдарламасынан бастап



Смағұл ЕЛУБАЙ,
жазушы, кинодраматург:

КӨШПЕЛІК КӨП ЖЕРГЕ

— Шығармашылығыңызға үңілесек, Кеңестік заманның өзінде ашаршылық тақырыбына арнап роман жаздыңыз. Ал бүгінгі азаттыққа қол жеткізіп, еңсесін тіктеген тәуелсіз елде бұл тақырып ойдағыдай көтеріліп жүр ме? Алда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні келе жатыр. Айтулы күнге қоғам қандай дайындықпен баруға тиіс?

— «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы» Президент пәрменімен құрылған Мемлекеттік комиссия қыруар жұмыс атқарды. Тақырыпқа қатысты Ресей, Қазақстандағы архив материалдарын том-том етіп шығарды. Алда — ұлттық аза тұту күні. Осы күн аты мен затына сай атап өтілсе екен дейміз. Заты дегеніміз — жоқтаусыз кеткен жарты халық аруағы. Ең алдымен бұл күні бүкіл елімізде мемлекеттік тулар түсірілсе. Экрандарда ойынсауық шегеріліп, көрермен назарына «Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандары туралы» әңгімелер, фильмдер ұсынылса. Мешіттер мен шіркеулерде дұғалар оқылса. Одан бөлек, тағы бір тірілер қолға алуға тиіс шара бар. Ол — ашаршылық, қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Аза сарайын» салу. Бұл сарай Лондондағы «Мадам Туссоу» музейі үлгі-

сінде салынса. Яғни, ішіндегі балауыз мүсіндер Ашаршылық және қуғын-сүргін құрбандарын көз алдымызға «тірілтіп» әкелетін болса. Туристер үшін де, ол заманнан хабарсыз бүгінгі ұрпақ үшін де сол тарихтың «тірілген» нұсқалары бек әсерлі болар еді. «Мадам Туссоу» музейінде біз сондай күйді бастан кештік.

— Жақында Төлен Әбдіктің Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбаты жарияланды. Ағамыз жазушылардың туындыларын шынайы тарих деп қабылдауға болмайтынын, әдебиеттің қарапайым шарттарын ұғынбай тарих қойнауындағы оқиғаларды баяндау құптарлық емес әрекет екенін түйреп өтті. Әдебиет майданында қалам тербеп жүрген ақын-жазушылар қазақ тарихы турасындағы тақырыптарды қозғауға тиіс пе? Жазушының пікіріне нендей көзқарас танытар едіңіз?

— Талантты тұлға Төлен Әбдіктің Egemen Qazaqstan-ға берген сұхбатына Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жылы лебіз білдірді. Төлен Әбдік сұхбаты, шынында да, оқырманды бейжай қалдырмайды. Оқырмандар арасында оның, әсіресе тарих тақырыбын қозғаушыларға қатысты айтқан қышқыл ойлары қилы пікірлер тудырып та жатыр. Жазушы атын атамаса да

ОЙТОҒЫС

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

тарихқа өзінше тон пішетін кейбір каламгерлерді түйрепті. Төлен жазушы бәрін емес, әдебиетіміздегі тарихи тақырыпқа жазылған кейбір романдарды түйреген шығар деп түсіндік.

ОТАРШЫЛ САЯСАТҚА БАС ШҮЛҒЫМАЙ, ҰЛТТЫҢ ШЫНАЙЫ ТАРИХЫН ЖАЗУ МҮМКІН БОЛМАДЫ

— Ағамыз қазіргі жастар қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаған аға буын жазушылардың көбінің шығармаларын оқи бермейтінін, оның себебін заман ағымының өзгеруімен, баяғыдай цензураның болмауымен байланыстырады...

— Бұл ауыр да болса ащы шындық. Кеңестік қызыл цензураның заманында қаны тамып тұрған қазақ тарихын шынайы жазу мүмкін болмады. Отаршыл саясатқа бас шұлғымай ұлттың шынайы тарихын жазу мүмкін болмады. Қазақ әдебиеті үшін бұл қасірет болды. Бүгінгі жастар соцреализм шығармаларын қабылдамай жатуы осыдан деп ойлаймын.

ЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ «ҚАҒАРЫ» ҚАРА БАЗАРДА БІР ҚОЙДЫҢ ҚҰНЫНА САТЫЛДЫ

— Төлен ағаның тағы бір сөзін алға тартқымыз келіп отыр. Ол «қазіргі қазақтың жасы да, жасамысы

емес пе?! Олардың Питлерден несі кем еді? Олардан ұлттық қаһарман жасау, әрине қателік еді. Бұл жерде мен Төлен жазушы жағындамын. Бірақ мен көшпенділер мәдениетін толық жоққа шығаруға қарсымын. Рас. Көшпенділіктің уақыты өткен еді. Отырықшылыққа өтетін кез келген еді. Солай деп қазақты Голощекинше Ұжмаққа таяқтап кіргізу неге алып келді? Көшпенділердің кара шыбынша қырылуына алып келді. Отырықшылыққа мүлдем бейбіт түрде де өтуге болатын еді. Халықты қырмай. Осы тәсілді Голощекинге алашордашылар атынан Смағұл Сәдуақасов айтты. Ашық айтты. Соны айтқаны үшін олар кара тізімге ілікті. Басы кетті. Ата-бабамыз көшпелі болғандықтан тарихтан таяқ жедік деуге менің аузым бармайды. Зұлымдық империясымен көрші отырғандықтан таяқ жедік десек, әділін айтқан боламыз. Қараңыз! 1897 жылғы жалпыресейлік тұңғыш халық санағы бойынша қазақтар бүкіл Орталық Азия көршілеріміздің жалпы санынан екі еседей көп болды. 4 млн 84 мың кісі. Қырғыздар 200 мың, өзбектер 750 мың болды. Содан бүгінге дейін ашаршылықты бастан кешпеген көршілеріміздің табиғи өсімі 28-30 есе көбейді. Ал большевизм тұсында 3



Көшпелілік тұсында қазақтың көбеюінің тағы бір себебі болды. Отырықшылар қаласын тастап кете алмай омылып отырғанда жау қала халқын жаппай қылыштың жүзінен өткізетін. Ал көшпелі қазақ ауылы ел шетінде жау төбесі көрінгеннен-ақ кең даланы бетке алып көше жөнелетін. Ел шетінен кірген жау сөйтіп ауылдың орнын сипап қалатын. Қазақты жаппай қыра алмайтын. Өйткені көшпелі ауыл өте

миллиондай ұрпағын ата-жұртқа көшіру мәселесі. Бұл мәселе тәуелсіз Қазақстанның күн тәртібінен ешқашан түспеуге тиіс. Сол шетел қазақтарының ата-жұртқа оралуы жолындағы кедергілер түгел алынып тасталуға тиіс, ағайын! Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын десек. Мына қысқа күнде қырық құбылып жатқан заманда тіліміз, дініміз, діліміз түгел болсын десек...

орыстілді ел» деді емес пе? Сырт көз — сыншыл. Сырт көздің бізге берген бұл бағасы тіл майданында біздің көзімізді ашқандай болды. Бізауыр да болса ащы шындықты естідік. Ендеше бұл ащы шындықты мойындап, тіл майданында батыл да бетбұрысты шешімдер жасайтын кез келді деген сөз.

Соның бірі — мемлекеттік балабақшалар мен мектептерді түгел бір мемлекеттік бағдарламаға көшіру дер едік. Яғни, мектептерді қазақ, орыс деп бөлмей бір мемлекеттік бағдарламаға көшіру. Ұлтына қарамастан бұл мектептерде барлық бала бірге оқыса. Мектепті бітірген балалар қазақ, орыс тілдерінде сайрап шықса. Олар Қазақстанда жұмысқа орналасқанда тілдік негізде ешқандай кедергілерді көрмейтін болар еді. Қазақ мектебін бітірген Герольд Бельгер Қазақстанды қалай сүйсе, мұндай мектепті бітіргендер де Қазақстанды солай сүйген болар еді. Айналып келгенде алдағы 10 жылда тіл мәселесі өзінен-өзі шешілер еді. Ортақ тілдің арқасында отандастарымыз ұлтаралдық, жікшілдік деген кеселдерден құлантаза айығар еді. Өйткені өз тілін білетін өзге ұлт өкілдеріне деген қазақ құшағы қашанда ашық. Мұны күнде көріп жүрміз. Бельгерді қазақ бауырындай жақсы көрді. Бельгер де қазақты жақсы көрді. Тілдің арқасында. Ортақ бағдарламамен оқытылатын осындай мектепті бітіргендер арасынан ертең Бельгерлер қаптап шықпасына кім кепіл?! Біз сонда Қазақстанда бұрынсонды болмаған, шынайы қазақстандық патриотизмнің салтанат құрғанына куә болар едік. Бір атаның баласындай бұл бауырластық ел экономикасының дамуына да оң ықпал ететін зор жемісті дүмпу болар еді.

— Әңгімеңізге рақмет, аға! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Алғнай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚТЫ ИЕ ҚЫЛДЫ

да баяғы түркілерден қалған рухты, көшпелілер заманын аңсап, оның мәдениеті туралы проза, өлең, мақала жазып, мақтанатынды шығарғанын» айтып, шын мәнінде көшпелілер мәдениеті не деген сауалға жауап береді. Қалай ойлайсыз, бұл рәсіммен әдебиетте әлі күнге дейін ескіліктен, бағзы заманғы қатып қалған таптаурындардан арыла алмай жүргеніміз емес пе?

— Кешегі қызыл империяның қандықол басшысы Сталин 1944 жылы түркі тарихын зерттеуге, насихаттауға ресми түрде тыйым салды. Қазақ тарихын қаузаған Ермұхан Бекмаханов бастаған тарихшылар түрмеге тоғытылды. Бұл қудалау төл тарихқа деген сұранысты кемсітті ме, жоқ, тіптен, өршітіп жіберді. Сондықтан да, Лияс Есенберлиннің «Қаһары» кара базарда бір қойдың құнына сатылды. Айтпағымыз, түркілер тарихына тыйым салу — түркілер тарихына деген сұранысты үдетті. 250 жыл бойы өз тарихына шөліккеп келген қазақтың Тәуелсіздік тұсында тұңғыш рет төл тарихы тұсаудан босады. Тақырыпқа сұрапыл сұраныс туды. Содан ақын-жазушыларымыз қыза-қыза келе түркілер тарихындағы тирандарды да жырлауға көшті. Қай ұлттан екеніне қарамастан қан кешкен тирандардың аты тиран

ашаршылық бастан кешкен біз небәрі 3 есе ғана көбейіпті. Егер 3 ашаршылыққа ұрынбасақ, біз де табиғи өсіммен 28-30 есе көбейіп, бүгінде 100 миллионнан асқан алып ел болып отырар едік. Солай көшпелілік тұсында біз көп болдық. Ол аз байлық па?! Көшпелілікте кемшілік көп. Бірақ сол көшпелі ата-бабамыз бізге басты байлық — ел байлығы мен жер байлығын қалдырды ғой! Сол байлық үшін ғасырлар бойы ат белінен түспей алыспап па еді?! Ендеше сол ата-бабалар аруағына қанша тағзым етсек те көптік етпейді, ағайын!

мобильді болды. Кең дала оларды жойқын жаудан құтқарып отырды. Кең дала олар үшін стратегиялық рөл атқарды. Жаппай қырғыннан көшпелілерді құтқарып отырды. Көшпелілердің 1897 жылғы санақта Орталық Азия отырықшы елдерінен екі есе көп болуының бір себебі осында.

Осы орайда халық саны өңгіме болғаннан кейін бір мәселені айтпай кетуге тағы болмайды. Ол — большевиктік лаң тұсында жерін тастап дүниенің төрт бұрышына торғайдай тозып кеткен қазақтың бүгінде шетелде жүрген 4

СЫРТ КӨЗДІҢ БІЗГЕ БЕРГЕН БАҒАСЫ ТІЛ МАЙДАНЫНДА КӨЗІМІЗДІ АШҚАНДАЙ БОЛДЫ

— Тіл мәселесіне ойыссақ. Қазір көптеген қазақ отбасының өз балаларын орыс мектепке беретінін жиі байқаймыз. Өкініштісі, бұл үрдісті уақыт өте келе санамыз да үйреншікті құбылыс ретінде қабылдап бара жатқан сынайы. Бұл ретте «тәуелсіздік» мәртебесін алып, жаһанмен тереземіз теңессе де ана тіліміздің деңгейін құлдыратып алған жоқпыз ба деген сауал туындайды. Мұның түбі қайда алып барады?

— Ана тілімізге ағу-үсті қарау жақсылыққа апармайды. Қараңыз! Жаһандану деген жалмауыз ай сайын әлемде 2 тілді жалмап келеді. Жұтып келеді. Яғни, ай сайын 2 халық тарих сахнасынан көшіп жатыр деген сөз. Келместің кемесіне мініп кетіп жатыр деген сөз. Бұл драма біздің көз алдымызда өтіп жатыр. Екі апта сайын бір тіл өшіп, екінші бір тіл өсіп жатыр. Бір тіл бір тілді жалмап жатыр, жұтып жатыр. Мына жаңа ғасырдағы жаһандану жаңалығы — осы. Осынау ғасыр драмасын көріп отырып тіл үшін күреспеу, ең болмаса өз отбасында өз тілінді сақтай алмай, қорғай алмай түптің түбінде қандай қасіретке алып баратынын айтып отырмыз. Ашық айтып отырмыз: тілің бар болса — барсың, тілің жоқ болса — жоқсың. Путин: «Іс жүзінде Қазақстан —

АЙМАҚ

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

ҚАЙТАРЫЛҒАН НЫСАННЫҢ ҚАЙЫРЫ БАР

Кезінде Алматы облысында бірқатар стратегиялық маңызы бар нысанның түрлі жолмен жекеменшікке өтіп кеткені жасырын емес. Әсіресе, ел игілігі үшін салынған оқу ғимараттары мен су қоймалары «сенімгерлік басқару» деген желеумен ұзақ жыл бойына ықпалды адамдардың уысында болып келді. Кейінгі екі жыл ішінде ғана бұл мәселеге қозғау салынып, нысандарды мемлекет меншігіне қайтару жұмысы басталған болатын. Қазір бұл істе оң нәтиже байқалады.

А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ, Алматы облысы

Мысалы, жақында Қарасай ауданындағы «Үшқоңыр» су шаруашылығы колледжінің айналасындағы дау аяқталып, оның мүлкі мен ғимараты мемлекетке қайтарылды. 2016 жылы сенімгерлік басқаруға алған жеке тұлға оқу орнын дамыту үшін 66,6 млн теңге инвестиция тартуға уәде берген екен. Алайда басқарушылар келісімшарт талабын орындамай, колледждің ғимараты мен мүліктерін мақсатсыз пайдаланып келген. Нәтижесінде, сенімгерлік басқаруға берілген оқу орнының жұмысы нашарлаған көрінеді. Осыны ескерген Алматы облысының әкімдігі жеке тұлғамен екі жылға жуық соттасып, «Үшқоңыр» су шаруашылығы колледжін коммуналдық меншікке қайтарды.

Сондай-ақ стратегиялық маңызы бар нысандар санатына кіретін Есік көлінің аумағындағы бөгет құрылысы да 2019 жылы

сенімгерлік басқаруға берілген болатын. Алайда бөгетті 49 жылға жалға алған басқарушы компания келісімшарт бойынша салуы тиіс 1,1 млрд теңге инвестицияның көк тиынын да көрсетпеген.



Стратегиялық маңызы бар нысандар санатына кіретін Есік көлінің аумағындағы бөгет құрылысы да 2019 жылы сенімгерлік басқаруға берілген болтын. Алайда бөгетті 49 жылға жалға алған басқарушы компания келісімшарт бойынша салуы тиіс 1,1 млрд теңге инвестицияның көк тиынын да көрсетпеген.

— Бұл бөгет сатып алу құқығынсыз 49 жылға сенімгерлік басқаруға берілген. Учаскенің аумағы — 141,643 гектар. 2018 жылғы тендер шарты бойынша инвестор 1,1 млрд теңге салуы керек еді, бірақ міндеттеме орындалмады. Шағыннан кейін сот мүлкі мемлекет меншігіне қайтарды. Ал Есік көліндегі бөгетті қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін 2024 жылы 23 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Нәтижесінде,



Жоғарыда айтылған Есік көліндегі бөгеттен бөлек, «Саз Талғар-7», «Байсерке-2», «Ворошилов», «К-3» су бөгеттері мен қоймалары сот шешімімен қайтырылса, тағы 3 нысан өзара келісімнің нәтижесінде облыстың иелігіне өткен.

Айтпақшы, сот шешімімен қайтарылған активтердің тізімінде жеке тұлғалардың пайдасына төмен бағада сатылып кеткен ғимараттар да бар екен. Мәселен, жеке инвестор Қаскелең қаласындағы өнер мектебінің екі ғимаратын небәрі 134 млн теңгеге сатып алған көрінеді. Облыстық Қаржы басқармасының қарсылығынан кейін жеке тұлғамен арада ұзаққа созылған сот процесі өткен. Нәтижесінде, ғимараттарды нарықтағы құнынан төмен бағада сатып алған әрі инвестор ретіндегі міндеттемелерін орындамаған адаммен жасалған келісімшарт жарамсыз

жергілікті тұрғындар тұрақты сумен қамтамасыз етіліп, туризм инфрақұрылымының дамуын да жақсарттады. Яғни, бөгет жұмысының жақсаруы өңір экономикасына оң әсерін тигізеді, ауыл шаруашылығын өрістетеді, — дейді Алматы облыстық Қаржы басқармасының басшысы Бибігүл Ұзақова.

Жалпы, биыл Алматы облысы аумағындағы аса маңызды сипатқа ие 8 су шаруашылығы нысаны мемлекеттің басқаруына берілген екен.

«Айта айта Алтайды, Жамал апай қартайды» демекші, 500-ге жуық атыраулық бақандай алты жылдан бері баспанасыз пәтер жағалап жүр. Бар проблема «үлескерлердің ақшасы арқылы жайлы үй салып береміз» деген кооперативтердің уәдесінен басталған.

А Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

Бар жиған-тергенін алаяқ компанияға аударып, бес жылдан бері қарыз қамытының астында жүрген атыраулықтардың саны — 493 адам. Олар өздерін «ен адал тұрғын үй кооперативіміз» деп таныстырған компанияға 4,3 млрд теңге аударған. Аяғында үйсіз, ақшасыз қалғандардың жартысы пәтер жалдап, енді бірі туыстарының үйін жағалап, тентіреп жүр.

«СарайшықИнвестГруп» компаниясына жайлы баспана аламын деп 6 млн теңге қаржы аударған үлескерлердің бірі — Амандық Абдолов. «Маған компанияның тиімді бағамен жайлы баспана алу мүмкіндігін ұсынғауы ұнады. «Небәрі бір жылдың ішінде салынып бітеді» деген уәдені келісімшартқа жазып берген соң Амандық Абдолов кооперативке имандай сенген. 2019 жылы салым салған ол құрылыстың заңсыз екенін арада 5 жыл өткеннен кейін бір-ақ білген.

«Шыны керек, бұл ақшаны мен бір емес, бірнеше жұмыс істеп

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮЙСІЗ ЖҮР



жүріп жинадым. Қазірдің өзінде 4 жерде жұмыс істеймін. Бірақ ақшамның көп бөлігі сырқат анамдық емдетуге кетіп жатыр. Баяғы ескі 1 бөлмелі барак үйде тұрып жатырмыз. Анам жаңа үйді көріп кетсе екен деген арманым орындала ма, жоқ па, соған күмәнім бар», — дейді алданған тұрғын Амандық Абдолов.

«Кооперативтің келісімшартта жазған уәдесі бойынша біз осыдан төрт жыл бұрын баспаналы болуымыз керек еді. Бір ғана Saraihyq development кооперативіне жүздеген адам ақша аударды. Арамызда бірден екі пәтердің ақшасын алдын ала толықтай төлеп тастағандар да бар. Үйден үміт жоқ. Себебі оны салып бітіру енді мүмкін емес. Салымшылар өз ақшасына күзетші жалдап отыр. Соған

турасына хабарластық. Құзырлы орган тұрғын үй-құрылыс кооперативтері құрылтайшыларының заңсыз әрекеттерінен зардап шеккен азаматтардың құқықтарын қорғау жөнінде жұмыс істеліп жатқанын хабарлады.

«Атамекен тұрғын үй», Family town, Baisanat Residence және Saraihyq Invest Group иелері қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 6 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге



бас бостандығынан айырылды. Қала прокуратурасының бастамасымен қалалық әкімдік және Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының қатысуымен жұмыс тобы құрылды. Және құрылыс жүргізілген жер учаскесі халыққа қайтарылды. Зардап шеккен үлескерлерге енді инвесторлар ғана көмектесе алады. Сондықтан тұрғын үйді аяқтауға инвесторлар

деп танылды. Қазір бұл нысандар толықтай коммуналдық меншікке қайтарылған. Дәл осындай жолмен жекенің иелігінде кеткен Алматы экономикалық колледжі де мемлекет меншігіне қайта өткен көрінеді.

Жалпы, Алматы облысы аумағындағы коммуналдық меншікті түгендеу барысында 967 нысанға қатысты шұғыл шешім қабылдау қажеттігі анықталған. Бұл тізімдегі 188 нысан қараусыз қалған болса, 341 нысан бос тұрған көрінеді. Олардың дені коммуналдық басқарудағы ғимараттар мен Білім, Денсаулық сақтау басқармаларының қарамағындағы нысандар бар екен. Тексеруден кейін бұл нысанның бірқатары бұзылса, кейбір ғимараттар аукцион арқылы сатуға шығарылмақ. Ал қалыпына келтірілетін ғимараттарды заманауи оқу орындарына, спорт кешендері мен мәдениет ошақтарына айналдыру жоспарланған. Қазір іріктелген 69 нысан бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асыру жұмысы басталған.

Бұдан бөлек, аймақта пайдаланылмай жатқан алқаптарды да мемлекет меншігіне қайтару жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Мысалы, былтыр облыста жалпы алаңы 397 313 гектар болатын 1 340 жер телімінің кәдеге аспай тұрғаны анықталған болатын. Бүгінге дейін аталған жер алқаптарының 84 100 гектары мемлекет иелігіне қайтарылды. Оның ішінде 52 100 гектар алқапты бұрынғы иелері өз еркімен кері қайтарса, 32 мың гектар жер сот шешімі арқылы мемлекет меншігіне өткен екен.

іздістірілуі керек», — дейді Атырау қалалық прокуратурасының орынбасары Ерлан Какиев.

Көптеген үлескердің ақшасын заңсыз иемденген компаниялардың басшылары мен құрылтайшылары түрлі мерзімге сотталды. Олардың қатарында Nazik Group ЖШС директоры бес жылға бас бостандығынан айырылды, басқа компаниялардың құрылтайшыларына алты жылдан сегіз жылға дейін жаза кесілді. Сонымен қатар Атырау қаласының прокуратурасы екі құрылыс компаниясына жарнама арқылы үлескерлердің ақшасын заңсыз тартқаны үшін бір миллион теңгеден айыппұл салды.

Бірақ үлескерлердің талабы мұнымен бітпей отыр. «Сот кінәлілерді бас бостандығынан айырумен шектелмей, салған ақшамызды қайтаруды талап міндеттесе, сот шешімдерінің нәтижесінде өз ақшамызды қайтарып алуға мүмкіндік болар еді» дейді үлескерлер. Ал үлескерлердің жарты бөлігі түбі баспаналы болатындары ақиқат болса, құрылыстың аяқталуын күткісі келеді.

Шыны керек, үлескерлерге қатысты проблема бір ғана Атырауда емес, тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақыттан бері еліміздің түкпір-түкпірінде кездесіп жатқан жағдай. Алаяқтық схемамен азаматтардың ақшасын алып жатқан тұрғын үй компанияларының көбеюі — үлескерлерге қатысты заңнаманы қатаңдату қажеттілігін көрсетіп отыр. Елде тұрғын үй нарығында осындай жағдайлардың қайталанбауы үшін бақылауды күшейту және үлескерлердің құқықтарын қорғау бағытында нақты шаралар қабылдануы қажет-ақ.

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ ҚАЗЫНА



Таяуда Түркі мәдениеті және мұрасы қорының ұйымдастыруымен және Түркі Академиясының қолдауымен академик Дархан Қыдырәлінің «Тасқа жазылған тарих» атты кітабының әзербайжан, түрік және қырғыз тілдеріндегі басылымдарының, сонымен қатар орыс тілінде жарық көрген «Тюркский мир: через призму истории» атты еңбегінің, түрік тілінде шыққан Kod adı Türkistan: Mustafa Çokey деректі-ғұмырнамалық кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Елордадағы Ұлттық академиялық кітапханада өткен алқалы жиынға Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова, Әзербайжан Республикасының мәдениет министрі Адил Каримли, Қырғыз Республикасы Президентінің кеңесшісі Аслан Койчиев, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров, Азия кеңесінің бас хатшысы Қайрат Сарыбай, Қырғызстан, Мажарстан, Түркия, Түрікменстан, Өзбекстан Республикаларының Төтенше және өкілетті елшілері, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Сыртқы істер министрлігінің,

Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің, Мәдениет және ақпарат министрлігінің, TURKSOY халықаралық ұйымының өкілдері, Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бірқатар депутаты, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиынды кіріспе сөзімен ашқан Түркі мәдениеті және мұрасы қорының президенті Ақтоты Райымқұлова академик Дархан Қуандықұлының түркі дүниесіне ортақ бай мұраны зерттеп-зерделеу, сақтау істеріне және бауырластық байланыстарды нығайтуға қосқан зор үлесіне тоқталды.

сүйенеді. Сол зерттеулерді саралай келіп, өзіндік ой қорытады. Екіншіден, ежелгі және орта ғасырлардағы біздің тек-тамырымызға қатысы бар мемлекеттік құрылымдар туралы мәліметтер ұсынып, елдің рухын оятады, танымын байытады, ой-өрісін кеңейтеді. Үшіншіден, ол байырғы түріктердегі «ел» ұғымы мәселесін жан-жақты талдайды. Ел мен мемлекет түсініктерін бөлек-бөлек қарастырып, түп-төркініне үніледі, даму жолдарын айқындайды. Төртіншіден, түркі халықтарының танымындағы наным-сенімдер туралы мол мәліметке қанықтырады. Арғы-бергі деректерді салыстырып-салмақ-

автордың байырғы баһадүр бабалар тарихының тереңінен сыр тартатын, жалпы түркологиядағы алуан тақырыпты арқау еткен ғылыми және ғылыми-танымдық мақалалары топтастырылған.

Осы кітаптың қырғыз тіліндегі басылымы саналатын «Ташқа жазылған тарих» кітабы да түбі бір түркі жұртының тарихын қазіргі заман тұрғысынан зерделеп, тұғырлы тұлғаларымызды жан-жақты тани түсуге жол ашатын, ғылыми жаңалығы мол еңбек. Айта кету керек, бұл басылым – Қырғыз Республикасы Президенті жанындағы Тарих ғылымын дамыту комиссиясының шешімімен басылып шыққан алғашқы кітап.

Сонымен қатар еңбектің Түркі Академиясы және ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен Būyūk Bozkr: Taşlara Yazılan Tarih деген атпен жарық көрген түрік тіліндегі нұсқасы да киелі Ергенекон, Өтүкен жерлерінен тамыр тартатын ашина дәуірінен бастап, Алтын Орда заманына дейінгі ортақ тарихымызды қамтыған бай мазмұнымен ерекшеленеді.

Бұған қоса, оқырман назарына «Мазмұндама» баспасы шығарып ұсынып отырған «Тюркский мир: через призму истории» атты кітабы орыстілді оқырманға түркі тарихы мен тұлғалары туралы таным-түсініктерін айқындай түсуіне мүмкіндік беретінімен маңызды.

Академик Д.Қыдырәлінің аталған жиында таныстырылған Kod adı Türkistan: Mustafa Çokey атты деректі ғұмырбаяндық кітабы бұған дейін де бірнеше тілде жарық көріп, оқырман тарапынан өз бағасын алған туынды. Бұл жолы түрік оқырмандардың сұранысымен Анкарадағы Bengü баспасынан қайта басылып шығып отыр.

М.ЖАСЫН



Сонымен бірге басқосуда сөз алған Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Бауыржан Омаров «Тасқа жазылған тарих» жинағы жайлы мынадай мәселелерді атап көрсетті:

– Біріншіден, «Тарихты жазу тарихты жасаумен бірдей өзекті» деп автордың өзі айтқандай, ол өз еңбегін қағаз бетіне түсіруге аса жауапкершілікпен қарайды. Монографияның ғылыми аппаратының ауқымды және мазмұнды болуына жете көңіл бөледі. Беделді ғалымдардың еңбектеріне

тай отырып, өз көзқарасын танытып, байлам-байыптамасын білдіреді. Бесіншіден, түркі дүниесінің тұлғалары, сол тұлғалар шыққан тектер мен тайпалардың танбалары жайлы маңызды деректерді топтастырады. Яғни, еңбектің ғылыми ғана емес, фактологиялық сипаты да мейлінше мазмұнды, – деді Президент кеңесшісі.

Түркі мәдениеті және мұрасы қоры жарыққа шығарған академик Д.Қыдырәлінің әзербайжан тіліндегі Dasa yazilan tarix кітабына

ДУМАН РАМАЗАН – ҮЗДІК ДРАМАТУРГ



Жақында Түркияның мәдени астанасы Ыстанбұл қаласында халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы мен Түркия театрлар қауымдастығы және Түркияда шығатын «Театр» газетінің ұйымдастыруымен түркі елдерінің театр қайраткерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Оған дүниенің түкпір-түкпірінен келген құрметті қонақтар, Түркияның белгілі театр санлақтары қатысты. Театр өнеріне қатысты әр аталым бойынша жеңімпаздар анықталып, жүлделер тапсырылды. Осы халықаралық мәртебелі байқаудың Әділқазылар алқасының шешімімен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы-драматург Думан Рамазанға «Түркі әлемінің ең үздік драматургі» атағы берілді.

Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев сөзінде бұл мәртебелі атақ-

тың Думан Рамазанға берілгенінің себебін түсіндірді.

– Думан Рамазанның драмаларымен бұрыннан таныспын. Ол – драманың қыр-сырын жетік білетін, ой-орамын тереңдеткен мықты драматург. Тарихи тақырыпты да, заманауи тақырыпты да әбден зерттеп-біліп жазады. Ішкі карама-қайшылық пен эпикалық шиеленісті ерекше бір жүйелі стильде баяндайтын айқын артықшылығы бар. Думан – қазақ драматургиясындағы ерек көрініс, эстетикалық құбылыс, жаңа белес. Оның соңғы жылдары ұлт-

тық сахнада жасаған тарихи полотнолары бүгінгі театрдың биігіне сайма-сай. «Керей – Жәнібек», «Абылай ханның арманы», «Жошы хан» және басқа да тарихи драмаларында ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге деген тарихи көзқарасты қапысыз бейнелеген. Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы ұлттық драма театрының сахнасында қойылған «Жошы хан» тарихи драмасы қазақ мәдениетіндегі жаңа кезеңнің басталғанын паш етеді, – деп жоғары баға берді С.Раев.

Салтанатты жиында драматургке беделді дәрежені халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы, әйгілі жазушы-драматург Сұлтан Раев және «Театр» еларалық басылымының бас редакторы, атақты театр сыншысы Нұрхан Услу тапсырды.

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

ТІРШІЛІК



8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ

аң-құстарды қорғайтынымыз анық. Алайда әзірге ондай мәселе көтерілмеуде.

Ел арасында «өзіміздің қорыққа өзіміз кіре алмай қалдық» деген мәселенің айтылып жүргені жасырын емес. Бірақ біз қорықтан толықтай қол үзіп қалған жоқпыз. «Сапсан» сынды жасағымыз қорық аумағында рейдтік шаралар жүргізуге құқылы. Тек бекітілген аңшылық аумаққа ғана кіре алмайды.

Қорық аумағында өрт бола қалатын жағдай болса да біздің қорықшылар мен орманшылар жәрдем көрсетеді.

Бір сөзбен айтқанда, «Охотзоопром» мекемесінің мамандарымен бірлесе жұмыс істейтін кездеріміз бар. Десе де, қорықтағы аң-құстардың санағын жүргізу тек алматық мекеменің құзыретінде. Жауапкершілік пен құқық соларда басымдау, — дейді облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды ретту басқармасының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Жақыпов.

Байқап тұрсақ, «Андасай» қорығын қайта қайтару мәселесі де көтерілмепті. Оның орнына жергілікті билік өкілдері жаңа қаумал ашқанды құп көрген. Алайда ол қорықтардағы аң-құстардың санын көбейтіп, жұмысты жүйелейміз дегенше қанша уақыт өтері белгісіз. Оған қоса, қорық ашу үшін қазынадан қанша қаржы кетті десеңізші...

Иә, осылайша талай жылғы тарихы бар, өсімдік пен жануарлар дүниесі толыққан қорықты қолдан беріп, қол құсырып қарап отырғанымыз, әрине іш қынжылтады. Одан бөлек, «Андасай» қорығы аумағында аң-құстардан бөлек, қаншама тарихи орындарымыз қалып кетіп барады. Керей мен Жәнібек хан қазақ ұлысының құрылғанына ат шаптырған «Тұлпарсаз», қазақ хандығының туы тігілген «Қозыбасы», өткен тарихтан сырт шерткен «Бас Ақтөбе», «Аяқ Ақтөбе», «Құралай сұлу», «Хан Қорасы», қазақ хандары билік айтқан «Үлкен тағы», «Кіші тағы», Аңырақай шайқасы өткен «Итішпестің Алақолі», жыр алыбы Жамбыл дүние есігін ашқан «Бес тораңғы», болмысы бөлек «Байғара», «Болат таулары», «Қыземшек» шоқысы сынды тарихи орындардың барлығы да алматылықтардың қарауында. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесін қорғау бөлімінің басшысы Әділ Қожабекұлының айтуынша, қазір аталған тарихи орындарға қаумал аумағымен өтіп баруға еш шектеу жоқ екен. Алайда ертең «қорықтың аң-құсына зиян келуде» деген желеумен алматылық мекеме тарихи орындарға аяқ бастыртпай қоймасына кім кепіл? Жергілікті билік өкілдеріне осы жағын ойлау керек-ау.

«Барды бағалай білмегенге бақ қонбайды» дейді қазақ даналығы. Шенгел де өз жерінде дүрілдейтіні белгілі. Сондықтан бармақ тістемей, қолда бардың қадірін қазір білгеніміз абзал.

Жамбыл облысы аумағының басым бөлігін алып жатқан Мойынқұм ауданы – өндірісімен танылған өлке. Сондай-ақ бұл мекен тау-тасы мен жазық даласын кезген арқар, елік, құлан, бөкеннен бастап, айдын сулары да қырғауыл-үйрек пен сан түрлі балыққа толы. Міне, осы қазынаны қорғау мақсатында 1966 жылы «Андасай» қорығы зоологиялық қорғалым болып құрылған болатын. Алайда осыдан жеті жыл бұрын «Андасай» қорығы алматылық «Охотзоопром» мекемесінің қарауына өтіп, қақпасы тарс жабылды. Бүгінде Жамбыл жерінде тұрған қорыққа жергілікті қорықшылар аттап баса алмайды. Ал осы қорықты қайта өңірге қайтаруға бола ма? Бұған қатысты жергілікті билік өкілдерінің жоспары бар ма? Әлде...

«Андасайға»

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

АРАША КЕРЕК

Бір миллион гектардан аса аумақты алып жатқан «Андасай» қорығы құрылғаннан бергі жарты ғасырдан аса уақытта талай аумалы-төкпелі заманды бастан кешірді. Алайда сондай қиын қыстау кезеңде де түз тілеуін тілеген жергілікті қорықшылар қорықты аман алып қалу үшін қолдан келгенін аяған жоқ. Бір жылдары тұқымы тым сиреп кеткен құланның төлін сырттан әкеліп, оның басын еселеп арттырды. Сондай-ақ арқар, тау теке, елік, ақ бөкен, карақұйрық, шұбар күзен, дуалақ, лашын, сұңқар, иттелгі, бүркіт сынды аң-құстарды да жіті қорғауға алып, олар бүгін де «Қызыл кітапқа» еніп отыр. Осындай толайым тірлік атқарылып, Табиғат-Ана тумаларын жан салып қорғағанда байлығымыз басқа біреудің қолына өтіп кеткеніне жаны ауыратын азаматтар аз емес. Соның бірі — «Андасай» қорығын талай жыл басқарған, этнограф, натуралист-құсбегі, Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы Жапар Тілеужанұлы.

— «Андасай» қорығын мен басқарып тұрған тұста талай мәрте қорықты алматылық «Охотзоопром» мекемесінің қарауына өткізу туралы бастама көтерілген. Алайда сол тұста облыс әкімі болған Серік Үмбетовпен бірге министрлікке «Андасай» қорығы Жамбыл облысының қазынасы екенін айтып, басқа өңірге берілуіне жол бермеген едік. Бірақ аймақ басшылары ауысып, мен зейнет демалысына шыққаннан кейін қорықты алматылықтар алып қойды. Талай жылғы тарихы бар, аң мен құсқа бай қорықты Алматы облысының қарауына өткізіп жіберу табиғат байлығына жасалған қиянат деп есептеймін. Қиын-қыстау кезеңде қорықта қорықшылар жалақысыз да жұмыс істеген кездер болған. Ал қазіргідей тоқшылық заманда өз қорығымызды басқа біреуге өткізіп жіберу ұятты іс.

Қорық аумағы — туризмді дамытуға қолайлы жер.

1998-2000-жылдары Бетпақдалада ауыл шаруашылығына зиян келтіретін қасқырлардың әр басын шетелдіктерге 200 доллардан атқызып, туристік аңшылықты да жолға қойғанбыз. Сол арқылы облыстық қазынаға қомақты қаржы күйған едік. Ал бүгін қаумал Алматы облысына қарайтын болғандықтан, Жамбыл облысына енді мұндай мүмкіндік берілмейді. Өңір табиғатына жауапты мамандар осы жағын жіті ойлануы керек, — дейді табиғат жанашыры.

Күмөзек ауылының тұрғыны, Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы Байзақ Саурықов та кезінде жанайқайын білдіріп, облыс әкімдерінен «Андасай» қорығына араша түсуін сұраған еді. Қария кейінгі жылдары қорықта өрт оқиғалары жиілегенін, егер қорықшылар қаумал аумағына емін-еркін кіре алатын болса мұндай жағдай болмайтынын мәселе етіп көтеріп, шырыл қаққан болатын. Алайда «баяғы жартас — сол жартас» күйі қалып, қорық аумағына кірмек түгілі, ондағы аң-құстардың санағын жүргізуге де құқылы болмай қалдық.

Жалпы, қазір қорықты қайта қайтарудың жолы



Иә, осылайша талай жылғы тарихы бар, өсімдік пен жануарлар дүниесі толыққан қорықты қолдан беріп, қол құсырып қарап отырғанымыз, әрине іш қынжылтады. Одан бөлек, «Андасай» қорығы аумағында аң-құстардан бөлек, қаншама тарихи орындарымыз қалып кетіп барады.

бар ма? Көптің көкейінде жүрген — осы сауал. Мәселенің мән-жайын білмек мақсатта ең әуелі облыстық Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасын басқарып тұрған тұста қорық «Охотзоопром» мекемесіне өтіп кеткен Серік Қойбақовты сөзге тарттық. — Негізі, бұл күрмеуі қиын мәселе болып тұр. Кезінде «Андасай»

қорығы сол кездегі қажеттілікке байланысты «Охотзоопром» мекемесіне өтті. Оған себеп — алматылық мекеменің мүмкіндігі мол болды. Техника саны да, құрал-жабдықтары да, мамандары да сұранысты қанағаттандырып тұрды. Алайда қазір өзіміздің де қорықшыларымыздың жағдайы жақсарып, техникалық базасы да нығая түсті. Сондықтан бұл қайта жан-жақты зерделеуді қажет ететін мәселе болып тұр. Қазір өңірлік филиалында төрағалық етіп отырған Байтақ жасылдар партиясының негізгі бағыты да — осы қоршаған орта мәселелеріне жіті көңіл бөлу. Алдағы уақытта «Андасай» қорығына қатысты жағдайды биік мінберлерде көтеретін боламын. Сол сәтте бір шешімі табылып қалар, — дейді Серік Мамыртайұлы.

Табиғат саласында талай жыл еңбек еткен маман «Андасай» қорығының өзге өңірге өтіп кетуінің себебін түсіндіргендей болды. Алайда қорықты қайта қайтаруға қатысты нақты ұсыныс айта алмады. Сол себепті қазір облыстағы орман қоры мен жануарлар дүниесіне жауапты мекеменің есігін қақтық.


— Ашығын айту керек, «Андасай» қорығын қайта қайтару туралы мәселе көтеріліп жатқан жоқ. Оған біздің мүмкіндігіміз де келмейді. Олай дейтініміз — былтыр Сарысу мен Мойынқұм аудандарына қарасты «Бетпақдала» деген қорық аштық. Одан бөлек, «Жуалы — Қарашат», «Қордай — Жайсан», «Үмбет» сынды қаумалдарымыз жұмыс істеп тұр. Қазір өңірдегі қорықшылардың барлығы сол жаққа жұмылдырылуда. Сол себепті егер «Андасай» қорығын басы бүтін облысқа қайтаратын болса, қорықшылар қажеттілігі туындайтыны анық. Әрине, қорық облыс қарауына өтіп жатса әрекет етіп ондағы

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

8 АҚПАН 2025 | СЕНБІ



АҚШ тарихында ақталу мерзімі бойынша рекордмен – 25 жылдан кейін кінәсіздігі анықталып, бостандыққа шыққан афроамерикалық Гленн Форд көпшіліктің есінде шығар, сірә?! Форд бір сұхбатында: «Бостандыққа шыққанда жұрттың бәрі ФТБ сияқты құлағына бірдеңе салып алған, неге бұлай істеп жүр деп таңғалғаным есімде. Сөйтсем, бұл құлаққап екен, олар жай ғана әуен тыңдап жүрген» дейтіні бар. Расында, о баста тек қызметтік мақсатта қолданылған құлаққаптар бүгінде әркімнің қалтасында бар. Әрі бастапқыда тыңдауға ғана жараған құрылғы бүгінде тілдесуге мүмкіндік беріп отыр. Ал оның даму тарихы тіптен қызық...



ДИНАМИКТИ «ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ»

Техносарапшылар құлаққаптың шығу тарихын адамзаттың тыңдау талғамымен тығыз байланыстырады. Яғни, біреуге ұнаған дыбыс-дауыс енді біріне жақпайды. Осы «қолайсыздық» динамикті жеке мақсатта қолдану технологиясын туғызды және 1878 жылы электродинамикалық түрлендіргішке (динамик) алғашқы патент алынды, бұл акустикалық жүйені әзірлеудің бастамасы болды.

Динамикті «жекешелендіру», яғни оны бір адам ғана естуіне жағдай жасау алғаш кәсіби мақсатта жүзеге асты. 1880 жылдың басында телефон операторлары жеке құлаққаптарды қолдана бастайды. Бұл бір бөлмеде бірнеше адамның бір-біріне кедергі жасамай телефонмен сөйлесуіне мүмкіндік берді. Бұл уақытта 1890 жылдары Англияда Electrophone System компаниясы құрылды, олар концерт залдарына микрофондар орнатып, абоненттерге телефон арқылы симфониялар мен театрлық пьесалар тыңдауды ұсынды. Бұл қызмет түрі ақылы еді – жылына 5 фунт. Ал тағы бір фунт қоссаңыз, екінші динамик қосуға болатын, бұл құлаққаптарды сұранысқа ие етті.

Ол кездегі құрылғылардың пішіні қазіргі құлаққаптарға ұқсаған жоқ. Алғашқы жеке тыңдау жүйелері ауыр болды. Телефон операторлары пайдаланатын құлаққаптардың салмағы төрт келідей, тыңдаушының иығына тіреліп тұратын. Ал Electrophone ұсынған құрылғы дәрігердің стетоскопына ұқсайтын. 1891 жылы француз инженері Эрнест

Қилы-қилы

Құлаққап...

Меркадье bi-telephone құрылғысын патенттеді. Бұл қазіргі құлаққаптардың прототипі еді, ол 130 жылдан астам уақыт бұрын ұсынылған. Дәл осы прототипте өнертапқыш құрылғыны ыңғайлы ету үшін амбушюрлерді пайдаланды ұсынды.

үйінің асханасында жасайды және бұл жаналығын қарапайым әрі қымбат патентке тұрарлық деп санмайды. Осылайша, жас инженердің идеясын басқа өндірушілер көшіріп, сәтті өнімдер жасап шығарды.

1924 жылы құлаққаптар тарихындағы келесі үлкен жаңалық Ойген Бейер жасайды. Ол Берлинде Elektrotechnische Fabrik Eugen Beuer атты дыбыс зорайтқыштар шығаратын зауыт құрды. 1937 жылға қарай Beuerdynamic атауымен танымал болған компания әлемдегі алғашқы динамикалық құлаққаптар – DT 48 үлгісін шығарды. Бұл құлаққаптар Болдуиннің радиогарнитурасына қарағанда әлдеқайда жоғары дыбыс сапасын ұсынды.

1950 жылдары жеке тыңдау мәдениетінің жана кезеңі басталды. Бұған бірнеше маңызды фактор әсер етті: халық табысының өсуі, стереожүйенің пайдалануы және винил пластинкалардың кең таралуы. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, 1958 жылы америкалық джаз музыканты Джон К. Косс әлемдегі алғашқы стереоқұлаққаптар – SP/3 үлгісін ұсынды. 1960 жылдары басты музыка көзі радио болды, сондықтан нарықта АМ және FM толқынын қабылдайтын радиоқабылдағышы бар

жылы Sony компаниясы портативті дыбыс дәуірін жасай алды. Олар Walkman плееріне MDL-3L2 құлаққаптарын қосып сатты. Сәйкесінше, тыңдаушы кез келген жерде – жолда, көлікте, табиғат аясында музыка тыңдай алатын болды. 1979 жылы Bose компаниясы шу басатын құлаққаптарды ойлап тапты. Бұл технология сыртқы шуды жоюға көмектесіп, тыңдаушыларға музыка мен дыбысты таза әрі кедергісіз тыңдауға мүмкіндік берді.

2005 жылы Bluetake компаниясы алғашқы Bluetooth технологиясының көмегімен i-Phono BT420EX үлгісін шығарды. Бұл модель сымсыз байланыс технологиясын пайдаланатын алғашқы құлаққаптардың бірі болды. 2000 жылдардың басында құлаққаптар жай ғана қолданбалы құрылғыдан стильді дизайнмен ерекшеленетін аксессуарға айналды. Бұл өзгеріс үшін Apple, Bose және Beats by Dr. Dre компанияларын ерекше атап өтуге болады, олар құлаққаптың дизайнымен еркін эксперимент жасап, өз өніміне Bluetooth, дауыстық басқару және ақылды қызметтер сынды жана технологияларды енгізуде батыл болды.

Асыл ТҰМАР



САПА мен ДИЗАЙН

Қазіргі бізге таныс пішіндегі алғашқы құлаққаптардың бірі – америкалық Натаниэль Болдуиннің Radio Head-Set өнертабысы болды. 1910 жылы жылы қолданысқа енген құрылғы адамның басына ыңғайлы киілетін – дәл мұндай құрылымды әлі күнге дейін кездестіреміз. Ол уақытта дыбыс әлі моноформатта болғанымен, қолданушылар бұл жаңашылдыққа ерекше құанды. Болдуин бұл өнімін өз



құлаққаптар пайда болды. Бір қызығы, нарықта әлі күнге дейін радиоқұлаққаптар бар.

ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖЫЛДАРЫ

90-жылдарға дейін құлаққаптарды сапалы әрі ыңғайлы ету мақсатында түрлі жаңашылдық жасалды. 1968 жыл Sennheiser алғашқы HD 414 ашық құлаққаптарын шығарды. Бұған дейінгілері ауыр, басқа киілетін тұсы жабық болды. Бұл ұшқыштар мен әскерилердің талаптарына сай болғанымен, қарапайым тұтынушыға қолайсыз еді. 1979



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
 Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
 Алтания БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
 Сағхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
 Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
 Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
 Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
 Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
 Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
 Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
 reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
 8(771) 804-61-32
 podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4555
 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
 Сілеті көшесі 30,
 тел.: 8(7172) 99-77-77
 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
 Мұқанов көшесі, 223 В
 Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
 Әлімқұлов көшесі 22,
 тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,